



Газет 2014 жылы
Қарағанды облысы әкімінің
«Тіл жанашыры» сыйлығының
лауреаты атанды

Арқа Ақшамы

Аймақтық қоғамдық-саяси газет №30(164) 11 тамыз 2016 жыл



3▶

**БЕКБОЛАТ АЙТҚАН
БИЗНЕС ҚАНДАЙ?**



**ЖӨНДЕУ
ЖӨНДІ ЕМЕС 4▶**



7▶

КҮМБІРДІҢ ҮНІ



9▶

**АҚШ НЕ ДЕЙДІ,
АҚЫШЕВ НЕ ДЕЙДІ?**



10▶

ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВ

МЕМЛЕКЕТ МҮЛКІ МЕНШІГІҢ ЕМЕС



6▶

«АРҚА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ 2016 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

2016

Индекс	Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
64540	6 айға	1747 теңге	1824 теңге
Жеке жазылушылар үшін	12 айға	3494 теңге	3648 теңге
14540	6 айға	5393 теңге	5470 теңге
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға	10786 теңге	10940 теңге

Газетке «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелеріне барып, жаздырып алуға болады.



ӨСКІНГЕ ӨНЕГЕ



Бүгінгі күні жастар саясатын тиімді жүзеге асыру және дамыту, жастарды қолдау – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Елбасының тапсырмасымен жастар ісі жөніндегі кеңестерді облыс, қала, аудан әкімдері басқарды, облыстың барлық өңірінде жастармен жұмыс жасау орталықтары құрылды.

Осакаров ауданында ұйымдастырылатын Жастар ісі жөніндегі кеңестің көшпелі отырысы Қарағанды облысы әкімі Н.Әбдібековтің төрағалығымен өтті.

Кеңес барысында қарастырылған басты мәселе – жастардың өзекті мәселелері, оның ішінде жас азаматтарды жұмыспен қамту, жастар арасындағы діни ахуал және т.б. Олардың шешу жолдары талқыланды, осы мәселелер бойынша облыстық басқарма басшыларының, қала және аудан әкімдерінің баяндамалары тыңдалды.

Кейін Ауыл және жұмысшы жастардың форумы өтті. Жалпы, осындай форум өткізу – дәстүрге айналған шара. Форум бұған дейін

облысымыздың бірқатар ауылдық өңірінде өткізілген болатын.

Шараның басты мақсаты – ауыл жастарының өзекті мәселелері мен сұрақтарын ортаға салып, шешу жолдарын қарастыру, аталған бағыттағы атқарушы органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың бірлескен іс-әрекетін үйлестіру, жастарды әлеуметтік қолдау, олардың арасында мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды түсіндіру және жүзеге асыруда жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру.

Форум барысында ауыл кәсіпкерлігін дамыту және қолдауға облыс әкімінің гранты, белсенді ауыл жастарына алғысхаттар тапсырылды.

Форум барысында жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды түсіндіру мақсатында жастарды жұмыспен қамту, жастар кәсіпкерлігін дамытуға арналған басқа да бағыттарда семинарлар өткізілді. Сонымен қатар Осакаров ауданының назар аударарлық жерлеріне экскурсия ұйымдастырылды ■

ӘДЕП ӘДЕТКЕ АЙНАЛАДЫ

Жаңа «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның күшіне енген кезінен мемлекеттік қызмет тәртібін нығайту саласында түбегейлі өзгерістер болды. Оның ішінде «Тәртіп кеңесі» институты жойылып, оның орнына жаңа құрылған Мемлекеттік істер министрлігінің коллегиялық органы болып табылатын «Әдеп жөніндегі кеңес» енгізілді.

Бұл кеңестің ең басты ерекшелігі мен жойылған Тәртіп кеңесінен айырмашылығы – оның басым қызметінің заңды бұзу себептерін белгілеу мен алдын алуында. Алғашқы рет кеңес тек қана тәртіп істері емес, оған қоса сыбайлас жемқорлық бойынша талдауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстардың мониторингісін және әдеп бойынша уәкілеттілердің қызмет әдебін бақылаудағы жұмыстарын қарастырады. Және Әдеп кеңесінің міндеті – мемлекеттік тәртіпті нығайту, мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік қызмет бойынша заңын, қызмет әдебін, жемқорлыққа қарсы заңның орындалуын бақылау мен әдеп бойынша уәкілеттілердің жұмыстарын жүргізу бойынша сұрақтарға ұсыныстар беру.

Қарағанды облысының Әдеп кеңесінің құрамы мәслихат, қоғам бірлестіктері, үкіметтік емес ұйымдардың және мемлекеттік органдардың басшыларынан құралған.

Ереже бойынша, Әдеп кеңесі функцияларының бірі – қызмет әдебі нормаларын бұзған, мемлекеттік қызметке қайшы қылықтар жасаған қызметкерлерге бағытталған тәртіп істерін қарастыру.

2016 жылдың 1 қаңтарынан, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы заңдарының күшіне енген кезінен, «жемқорлыққа жағдай жасайтын құқықбұзушылық» деген түсінік жойылған.

Сонымен қатар ҚР Мемлекеттік қызмет бойынша жаңа заңына сәйкес «мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылық» деген жаңа түсінік енгізілді.



Негізінде, жемқорлыққа қарсы барлық заңда қарастырылған тәртіп бойынша, мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін теріс қылықтар, қызмет әдебі нормаларын бұзу сияқты жемқорлыққа жағдай жасайтын құқықбұзушылықтар ҚР жаңа «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына көшірілген.

Оған қарамастан теріс қылықтар үшін жауапкершілік өлшемі қатал болып қала берді. Сондай-ақ Елбасының дербестік кәсіби мемлекеттік аппарат құру тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызметкерлердің моральдық адамгершілік бейнесі мен іскерлік қасиеттерінің талаптарын көтеру мақсатында мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп кодексі бекітілген.

Кодекс мемлекеттік қызметтің құндылығын бекітіп, мемлекеттік қызметкерлердің тек қана жұмыста емес, сонымен бірге күнделікті өмірдегі тәртіп стандарттарын анықтады.

Мәселен, осылай мемлекеттік қызметкерлер жұмыстан тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстанып, қоғамға қарсы жүріс-тұрыс жағдайларын болдырмау бойынша, сонымен бірге адами және қоғамдық құндылықтарды қорлайтын іс-әрекет, яғни қоғамдық орындарда мас

күйінде болу. Аталған жүріс-тұрыс орын алған жағдайда, мемлекеттік қызметші тәртіптік жазаға тартылады.

Бұданбөлек, жаңа заңмен әдеп нормаларының орындалуын қадағалайтын «Әдеп жөніндегі уәкіл» деген тағы бір институт енгізілді. Бұл институттың әрекеттерін үйлестіру Мемлекеттік қызмет істері министрлігіне және оның жергілікті құрылымдарына жүктеледі.

Әдеп жөніндегі уәкіл қызметтік әдеп нормаларының орындалуын, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың бұзылуының алдын алуды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп кодексін қамтамасыз етіп, сонымен қатар өз қызметінің аясында мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтарға кеңес береді, бұл өз кезегінде ұжымдағы жағымды моральдық-психологиялық атмосфераның қалыптасуына әсер ететін болады.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметін жүзеге асыру аясында азаматтық қоғам, мемлекеттік органдар, оның ішінде Әдеп жөніндегі кеңес, институттарымен өзара қарым-қатынаста болады.

Орнатылған стандарттарды қатаң қадағалау мемлекеттік аппараттарға деген халықтың сенімін арттырады деп ойлаймын. Халыққа тиімді қызмет ету – Елбасы мен әр мемлекеттік қызметкер алдына қойылған басты міндет.

Сондықтан Әдеп жөніндегі кеңес барлығын қамтитын және күнделікті өмірдегі практикалық анықтамалық болып, мемлекеттік әр қызметкердің үстелдік кітабына айналуы керек ■

Берік АХМЕТОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің
Қарағанды облысы бойынша департаменті
басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі
кеңес секретариатының меңгерушісі



QAMSHY.KZ «Елбасының Түркияға сапары: қазақ жолы түркі дүниесі мен орыс әлеміне ортақ даңғыл екенін көрсетті» – 5 тамыз күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Анкараға барып, Түркия Президенті Режеп Ердоғанмен кездесті. «Әскери төңкеріс», «Ресей мен Түркия арасындағы салқындық», «Қазақ-түрік лицейлері туралы шу» т.б. мәселелер екіжақты кездесудің маңызын арттыра түсті. Бұл кездесулер туралы түрік баспасөзінде жарияланған мақалалар әлем назарын аударды.

Елбасы сапары «Қазақ жолының» түркі дүниесі мен орыс әлеміне ортақ даңғыл екенін көрсеткендей болды.
AZATTYQ.ORG «Тұрғындар уақытша пәтерлерінің жайсыздығына шағымданады» – Павлодар қаласындағы аудандардың бірі – Алюминстрой тұрғындарын қаусаған баспаналарын сүруге байланысты уақытша пәтерлерге көшірген. Бірақ жұрт «уақытша тұрып жатқан жаңа баспанамызда проблемалар көп» дейді.

ULT.KZ «Данияр Елеусінов: Алла бұйырса, бұл Олимпиадада жеңіске жетемін!» – Бокстан Қазақстан құрамасының капитаны және 2013 жылы әлем чемпионы атанған Данияр Елеусінов vesti.kz тілшісіне берген сұхбатында Риодағы Жазғы Олимпиада ойындарына қалай дайындалып жатқанын және қандай көрсеткіштерге жеткісі келетінін айтып берді.

TURKYSTAN.KZ «А.Мырзахметов: Мәселені шешудің бірден-бір жолы

– көтерме үлестіру орталықтарын дамыту» – ҚР Премьер-министрінің орынбасары, ҚР Ауылшаруашылығы министрі А.Мырзахметов Ақмола облысына жұмыс сапары барысында азық-түлікті үлестірудегі тиімсіз делдалдықтың басты себебі сауда-логистикалық инфрақұрылымның дамымағандығымен байланысты екенін айтты. Бұл туралы ҚР АШМ баспасөз қызметі хабарлайды ■

Меніңше...

– Марқұм Тұманбай ағамыздың «Октябрь – жүрегімнің мерекесі» деген жақсы бір поэмасы бар еді. Өмірімде бірінші рет «Олимпиада – жүрегімнің мерекесі» деп шаттана алмай, жанкүйерлік шабытым от алмай, жүрегім сұп-суық күйі қалыпты ғана соғып тұр.

Шетелдік спортшылар мен жанкүйерлерді Рио әуежайында полицейлер мен өрт сөндірушілер «Тозаққа қош келдіңдер!» деген плакаттармен қарсы алды. Жалақы ала алмай қиналып, жаппай ереуілге шыққан бейшаралардың қолдарындағы және бір плакатта:

«Қауіпсіздіктеріңізге кепіл бере алмаймыз», – деп жазылған.

Олимпиада алауы Рионың кедей аудандарын айналып, жылтыр маршрутпен жүріп өтті. Жол-жөнекей алау ұстағандар сүрініп-жығылумен болды. Ол аз болса, жемқорлыққа наразы демонстранттардың шабуылына ұшырап жатты.

Кейбір батыстың мамандары өз елдерінің спортшыларын су жарыстары кезінде барынша абай болуға, Рионың барлық бассейні мен су каналы кәдімгі көріз желісі қалдықтарынан

толық тазармағанын, жағажайларындағы мұхит суының әлемдегі ең лас су екенін ашық ескертті.

Олимпиадаға санаулы ай қалғанда ел саяси-экономикалық дағдарысқа ұрынып, парламенті президентіне импичмент жариялады. Бір түрлі. Тойға шақырған үйде «свет» өшіп қалғандай әсер туып тұр. Құдай артын қайырлы қылсын ■

Ғалым БОҚАШ,
шығыстанушы



БЕКБОЛАТ АЙТҚАН БИЗНЕС ҚАНДАЙ?

Өткен аптада Ботақара кентінде Бұқар жырау ауданының тұрғындары мен кәсіпкерлері ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бекболат Тілеуханмен кездесу өткізді.

Жиынға Бұқар жырау ауданы әкімінің орынбасары А.Ақпанова, аудандық мәслихат хатшысы А.Әли, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ының Қарағанды облысы бойынша аймақтық филиалының басшысы Г.Хасенова, Аймақтық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, ауданның бөлім басшылары, БАҚ өкілдері және т.б. қатысты.

Кездесу барысында тұрғындардың білім беру, денсаулық сақтау, ауылдық жерде шағын және орта бизнестің дамуы және т.б. салалардағы мәселелер көтерілді. Сонымен қатар «Жұмыспен қамту – 2020» және «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламаларының жүзеге асырылуы бойынша сұрақтар да қаралды.

Бұқар жырау ауданының кәсіпкерлері «Бизнестің жол картасы – 2020» бірыңғай бағдарламасына (мұнан әрі – Бағдарлама) белсенді түрде қатысуда. Бағдарламаның жүзеге асырылуынан бастап Аймақтық үйлестіру кеңесімен субсидия құралы бойынша 13 жоба қолдау тапса, «Даму» қорымен кепілдендіру құралы бойынша 5 жоба мақұлданған. Ұлттық қор қаражатынан бөлінген (ІІІ транш) өндіруші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін ШОБ субъектілерін қаржыландыру бағдарламасы бойынша ауданның 2 жобасы қаржылық қолдауға ие болған.

Жиын барысында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ының Қарағанды облысы бойынша аймақтық филиалының басшысы Г.Хасенова шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау шаралары мен құралдары туралы айтты.

Кездесу қорытындысында жергілікті тұрғындарды мазалайтын негізгі сұрақтар анықталып, оларды шешу жолдары және Бұқар жырау ауданында шағын және орта бизнесті онан әрі дамыту жолдары ұсынылды ■

ӘЛЕУЕТІ ТӨМЕНГЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК БАР

2016 жылдың 3 тамызында Мәдениет және демалыс орталық саябағында Қарағанды қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары қала тұрғындарына «Халыққа жол!» марафоны аясында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Ақпараттық-түсіндіру жұмысы барысында мемлекеттік қызмет көрсетілу тәртібі, мүгедектерді техникалық құралдармен қамтамасыз ету, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға арнаулы әлеуметтік қызмет ұсыну, әлеуметтік көмек пен қолдау түрлері, оның ішінде «Өрлеу» жобасы бойынша және оларға қол жеткізу механизмдері, «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жүргізілетін шаралар бойынша насихаттау көрнекі материалдары мен ақпараттары таратылды.



Қарағанды қаласының 300-ге жуық азаматы мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдау шаралары туралы насихаттайтын көрнекі материалдар мен ақпарат алды ■

ТЕМІРЖОЛШЫНЫҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ



2016 жылдың 7 тамызында қазақстандықтар Көлік қызметкерлері күнін атап өтті. Бұл күні «Теміржолшылар» Мәдениет сарайында үлкен мерекелік бағдарлама өткізілді. Бағдарламаға «Теміржолшылар» Мәдениет сарайының үздік ұжымдары, «Ревиваль» степ-тобы, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Мерей» тобы, «J&J» дуэті және т.б. қатысты.

Мәдениет және демалыс саябағында мереке қонақтарына ұлттық тағамдар мен тәттілер сыйлаған теміржолшылар ұйымының 9 киіз

үйі орнатылды.

Ұлттық тағамдардың мерекелік саудасы ұйымдастырылды және кафе мен балалар аттракциондары жұмыс істеді. Қонақтарды Мәдениет сарайының халықтық үрмелі аспаптар оркестрі қарсы алды. Спорттық жарыстарды ұнататындар үшін кір тасын көтеру, армрестлинг бойынша жарыстар, шахматтан блиц-турнир өткізілді.

Октябрь ауданының әкімі Е.Темірханов, Қарағанды жол бөлімшесі басшылығының директоры Д.Жамиев, Қарағанды магистраль желілерінің директоры А.Майқыбеков, Теміржолшылар кәсіби одағы Қарағанды филиалының төрағасы Я.Альмусин барлық көлік қызметкерін атаулы мерекемен құттықтап, ең үздік қарағандылық теміржолшыларға Құрмет грамотасын және естелік сыйлықтарын табыс етті. Жас теміржолшылар атынан Президент жанындағы ҚТЖ ҰК АҚ жастар кеңесінің аймақтық өкілі А.Есенбеков құттықтады.

Сондай-ақ запастағы генерал-лейтенант Я.Дуда құттықтап, Чернобыль АЭС апатын жоюға қатысқан теміржолшыларға алғысхат табыстады ■

«АСТАНА» АРНАСЫ:

Білім беру нысандары мерзімінде тапсырылуы тиіс. Бүгін Премьер-министрдің орынбасары Дариға Назарбаева әкімдіктерге осындай тапсырма берді. Бұл туралы Премьер-министр сайтында жарияланды. Биыл Ұлттық қордан 77 мектеп пен 19 балабақша салуға 57 миллиард теңге бөлінген. Қазір 96 нысанда құрылыс жүріп жатыр. Білім және ғылым вице-министрінің ақпаратынша, 21 нысан пайдалануға берілген. Оның 13-і – мектеп, қалғаны – балабақша.

Бөлінген қаражаттың 88 пайызы жұмсалған. 5 аймақта – Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Астанада – 3,2 миллиард теңге игерілмеген. Бұған мердігерлермен болған сот ісі және келісімшарттарды кеш орындау мәселелері себеп болса керек. Вице-премьер құрылысты бақылауға алып, ақшаны мерзімінде игеруді де тапсырды.

«КТК» АРНАСЫ:

Ресей елімізге бірден 170-тен астам зениттік зымыранды сыйға тартпақ.

Көршілеріміз бұған дейін 5 бірдей зениттік-зымыран кешенін жіберген болатын. С-300 деп аталатын кешен Алматы, Астана, Ақтау және Шымкентке қойылған еді. Енді Ресей дәл осы кешенге қажет 170 зениттік зымыранды тегін тарту етпек. Мұндай әскери құрылғылар әуе кеңістігіндегі кез келген қатердің алдын алып, жолын кесуге қажет. Сондай-ақ қазақ жеріне келген Ресейдің Қорғаныс министрі Сергей Шойгу мен еліміздің Қорғаныс министрі Иманғали Тасмағамбетов тағы бірқатар келісім

жасады. Балқаш торабын біздің әскерилер ресейлік офицерлермен бірге пайдаланатын болды. Қарағанды облысындағы зымыран шабуылына қарсы станцияны көршілеріміз 25 жылдан бері жалға алып отыр. Жаңа келісім бойынша, енді отандық әскерилер де зымыран ұшыру ісіне қатыса алады. Сондай-ақ Балқаш торабындағы Ресейге жалға берілген жердің аумағы да қысқармақ ■



Шырғалаң

АЙЫППҰЛ — 800 МИЛЛИОН

Жол ережесін бұзып, айыппұл төлеуден жалтарып жүрген қарағандылық автокөлік иелерінің қарызы 800 миллионға жеткен. Бұл облыс қазынасының уақытылы толықтырылмауына және бюджет тапшылығына бастайды. Сондықтан облыстық жол полициясы қызметкерлері жаңа технологияның көмегімен бұл мәселенің оң шешімін таппақ.

Бұдан былай жол ережесін бұзған жүргізуші айыппұлды кешіктірмей, оқиға орнында бірден төлей алады. Ол үшін жол полицейлеріне арнайы ПОС терминалдар беріледі. Ереже бұзғаны үшін айыппұлды бірден төлегендерге 50 пайыз жеңілдік те қарастырылыпты. Қазіргі таңда Қарағандыда 19 полицейдің көлігі осы құрылғымен жабдықталған. Облысымызға қарасты аудан мен қалалардағы 21 көлікке



де ПОС терминал орнатылды. Республикалық маңызға ие жолдарда тағы 8 аппарат қойылды.

Жүргізушілердің бұрынғы айыппұлдарын да осы ПОС терминал арқылы төлеуіне болады. Бірақ бұрын салынған айыппұлға жеңілдік берілмейді. Терминал барлық банк картасын қабылдайды. Төлем кезінде екі түбіртек беріледі. Бірі полиция қызметкерлерінде, екіншісі өзінде қалады. Тиісті төлем туралы құжат автоматты түрде әкімшілік тәжірибе бөліміне жолданады ■

Билік

ӘКІМГЕ СЕНІМ ЖОҚ

Қарағандының іргесіндегі Ақтас елді мекенінің халқы әкімдерге сенуден қалған. Себебі олар жиі орын ауыстырады. Жаңадан келген басшы үйіп-төгіп уәде береді. Бірақ оны орындамастан тайып тұрады. Оның орнын басқан жаңа әкімнің де бұрынғылардың еш айырмасы болмайды екен.

Облыс орталығынан небәрі 7 шақырым жерде орналасқан Ақтас кенті тұрғындарының шенеуніктерге өкпелейтін жөні бар. Өйткені, қала ішіндегіні айтпағанда, әлеуметтік маңызы бар нысандарға апаратын жолдардың жөнделмегеніне 30 жылдан асыпты. Сорақысы – сол: күз бен көктем мезгілінде жағдай бұдан да ауыр. Мектеп жасындағы балалар мектепке бару үшін белшеден батпақ



кешіп, азаптанып отыр екен.

– Жаз келді, міне, әлі жөнделмеді. Қалай болды жолдарымыз, солай тұр. Енді ақшамыз таусылып қалды дейді. Сонда төлеген салығымыз қайда кетіп жатыр? – дейді Ақтас кентінің тұрғыны Марина Зборацкая.

Бірақ тұрғындардың бас ауруына айналған мәселе өзирге оң шешім таппайды. Жергілікті атқамінерлер бұны қаражаттың жоқтығымен түсіндіреді ■

Дақпырт

ЖАЛҒАН АҚПАРАТҚА ЖАЗА БАР

Қарағандыда жалған ақпарат таратушылар саны көбейген. Бұл мәселе тәртіп сақшыларын алаңдатып отыр. Өтірікті судай сапырғандардың талайы ұсталып, тиісті жазасын алса да, халықты үрейлендіруді мақсат тұтқандардың қатары азаяр емес. Әсіресе «қалада теракт жасалады екен» деген ақпарат бүгінде кең таралып кеткен.

Өткен аптада қарағандылық полицейлер осындай ақпарат таратқан келіншекті тұтқындады. Ол полицияға қоңырау шалып, сырттан келген бір топ азаматтың террорлық акт жасауға дайындалып жатқанын хабарлаған. Осы қоңыраудан соң бүкіл кезекші бөлім аяғынан тік тұрып, «террористерді» құрықтайды. Бірақ кейін олардың қалаға келген демалушылар екені анықталған. Ал полицияға қоңырау соққан 35 жастағы келіншек болса, демалыс орнына тиісті ақысын төлемегені үшін жігіттерден осылайша кек алыпты. Енді осы әрекеті үшін



заң алдында жауап береді. Себебі жалған ақпарат беру заңмен қудаланады. Қарағанды облыстық ІІД МТАБ басшысы Батырхан Смайловтың айтуынша, болмаған қылмыс жайында полицияға жалған шақырту жасаған адам әкімшілік және қылмыстық заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Ал жергілікті халық полицияға жалған ақпарат таратқан дүрліктірушілерді бұдан да қатаң жазалау керек деп санайды. Өйткені адамдардың ойланбай істеген қылықтары кісі өліміне, тіпті, түрлі қылмысқа әкеп соғуы мүмкін екен ■

Масқара!

АУЛА АВТОБАН БА?



Оңтүстік-Шығыс тұрғын аймағындағы орталық жолдың жабылып, жылу құбырларын ауыстыру жұмыстарының басталғанына біраз уақыт болып қалды. Ұзаққа созылған жөндеу жұмыстары сағаттап кептелісте тұратын көлік иелерінің ғана емес, бала жетектеген аналардың да наразылығын туғызған.

Аулаларда жоғары жылдамдықпен жүретін автокөліктердің ойын баласының өміріне қауіп төндіргеніне ашынған бір топ ана балалар арбасымен орталық көшедегі жолды бекітіп тастады. Олар жеңіл көліктердің жол

жабылғалы бері аулада жүйткіп, жүйкелерін жұқартқанын айтып отыр.

– Кептеліс болған кезде, ақырын жүреді. Ал көлік жоқ болса, әсіресе кешкі уақыттарда қатты жүреді. Балаларымыз үшін қорқамыз, – дейді тұрғындардың бірі.

Шеруге шыққан аналардың басты мақсаты – көліктердің аулаларды айналып, басқа жолмен жүруіне ықпал ету. Бірақ халықтың бұл талабына шенеуніктер құлақ аспай отыр. Ал шеру нәтиже беріп үлгерді. Қазыбек би ауданының әкімі Татьяна Шатохина ханымның айтуынша, бұдан былай тұрғындар мен балалардың қауіпсіздігі үшін шаралар қолға алынды. Көлік қозғалысын межелі жылдамдықтан асырмау қатаң қадағаланады. Бірақ ауладағы көлік қозғалысы тоқтамайды. Бар болғаны көшенің маңына «Қозғалыс шектелді» деген жол белгісі ғана қойылады. Республика даңғылындағы жылу құбырларын ауыстыру аяқталғанша, осылай бола береді. Ал оған әлі екі аптаға жуық уақыт бар ■

Қоғам

ЖҰМЫССЫЗДЫҚПЕН КҮРЕС КІМНІҢ ЖҰМЫСЫ?



Еліміздегі ең басты өндірісті өлке саналатын Қарағанды қаласында 1,5 мыңнан астам адам жұмыс таппай сенделіп жүр. Бұл туралы Қалалық қоғамдық кеңес мүшелерінің жұмыссыздықпен күрес жөніндегі отырысында айтылды.

Жергілікті шенділер өңірде атқарылып жатқан кешенді жоспарлар мен жұмыспен қамту мәселесін біршама шешеді деген сенімде.

Мәселе

ЖӨНДЕУ ЖӨНДІ ЕМЕС

Қарағанды қаласында мемлекеттік бағдарлама бойынша жөндеуден өткен үйдің тұрғындары шу шығарды. Өйткені жаңғырту бағдарламасы аясында осыдан екі жыл бұрын қалыпқа келтірілген үйдегі 150-ге жуық отбасы мемлекетке миллиондаған қаржы қарыз болып қалған. Ал жөндеу жұмыстарының сапасы сын көтермейді.

Әуелде үкіметтің шапағатына бөлендік деп тақиясын аспанға атып қуанған жұрттың қабағы қазір салыңқы. Әу бастағы шарт бойынша, құрылысқа кеткен 73 миллион теңгені осындағы әр отбасы 10 жыл бойы бөліп төлеуі керек болған. Алайда жертөлесі суға толып, қабырғалары ескірген үй үшін құрылыс компаниясына он жыл бойы ақша төлеуді миға қонымсыз деп санайды.

Бұл үйді салған мердігер компания үш жылға кепілдік берген болатын.

Бірақ жұмыстарының сапасыз екені айқын көріне бастаған кезде, олар із суытқан. Міндетін шала атқарып кеткен компания қызметіне наразы жұрт арыз-шағымдарына жергілікті билік те назар аудармай отырғанына ашынады.

Ал Қалалық тұрғын үй қатынастары бөлімі мамандары жаңғырту жұмыстарын жүргізуде еш олқылықтың орын алмағанын айтып ақталуда. Дегенмен алдағы күндері мөн-жайды анықтап, жертөлені судан тазартуға кіріспек.

Тұрғындар осы уақытқа дейін қала әкімдігіне мәселені шешіп беру жөнінде өтініш жолдаған көрінеді. Алайда қала басшылығынан нақты жауап болмаған. Енді сапасы бағасына сай келмейтін жөндеу жұмыстарындағы олқылық қалыпқа келмесе, тұрғындар төлем жасаудан да түбегейлі бас тартпақ ■

ЕКІ АҚЫН. ЕКІ ТАҒДЫР. ОРТАҚ ҚАСІРЕТ

МАҒЖАНДЫ ТҮҢҒЫШ ТАҢУЫМ

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан соң Қазақстанда ерекше бір дүрбелең басталды. Азаттықты аңсап алаңға шығып ұсталып қалған жастардың бәрі аяусыз жазаланып, азаматтар қара тізімге ілігіп, жауапқа тартылып, қызметтерінен алынып, жұмыстарынан босатылып жатты.

Бір күні өкем үйге жұмысынан көңілсіз оралды. Өншейінде көзі күлімдеп, ақша бұлттай жарқырап жүретін өкемнің жүзі тұнжырап, қабағы түсіп кетіпті. Жүрегінде көңіл-күйін құлазытқан бір түйткілдің бар екенін үйге кірген бетте сездім. Інім Мағжан ойнап кеткен, шешем әлі жұмыстан келе қоймаған еді. Екеуіміз ас бөлмеге кіріп, үнсіз отырып шайымызды іштік. Сүт пісірім уақыттан соң көңіл-күйінің неге алғаржақтанып тұрғанын сездіргісі келгендей, өкем екеуімізге де ұнамаған үнсіздікті өзі бұзды:

— Олжастың жағдайы қиын. Дінмұхамед Қонаев туралы фильм түсірген соң, соның сүйікті адамдарының бірі болғанын деп өркім бір тиісіп жатыр, — деді көңілінің неліктен құлазып қалғанын білдіріп.

— Олжас кім көрінгенге жалынан ұстата қояр ма екен? — дедім мен.

— Жалғыз ғой, — деді өкем өңгімесін әрі қарай жалғастырып. — Мұқағали айтпақшы, ұлы ақындардың бәрі жалғыз. Абай, Мағжан, Олжас, Мұқағали, Төлеген, Жүмекен — бәрі-бәрі...

— Мағжан деген кім? — дедім бұрын-соңды әдебиеттен мұндай есімді кездестірмеген мен аң-таң қалып.

— Амангелді, сенің ақылың бар ғой. Ешкімге айтып қойма, Мағжан Жұмабаев деген қазақтың ұлы ақыны болған. Ұлым Мағжанның атын сол ақынның есімінен еншілеп қойғанмын. Кезінде досым Жарасқан Әбдірашевқа көптеген лирикалық өлеңдеріне бола «Мағжанның құйыршығы» деген айдар тағылып, оның басын даудамайдан өзер құтқарып қалғанбыз.

Мен сол күні шығармаларын оқуға тыйым салынған ақындардың да болатынын өмірімде бірінші рет естіп, таңғалдым...

Өкем Алаш арыстары, қазақ әдебиетінің сом діңкелері Ахмет, Міржақып, Жүсіпбектердің, әсіресе поэзия патшасы — Мағжан Жұмабаевтың ақталуын аңсап күтті. Өскерде жүрген маған жазған соңғы хатында: «Биылғы жылдың ең үлкен жаңалығы — Шөкәрім Құдайбердиев деген үлкен ақын ақталды. Абайдың шөкірті, Абай ауылында туған. Мен Семейдегі тойына барып қайттым. Алдағы үлкен үміт — Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов (торғайлық, «Ақкөл» совхозынан шыққан, отец мировой тюркологии болған), Жүсіпбек Аймауытов (драматург), осы үшеуі ақтала ма деген үміттеміз. Правительственная комиссия құрылып, мәселелері қаралып жатыр», — деген қуанышты хабарды жүрегі жарыла жаздап жеткізген еді.

Өкінішке қарай, өкем Мағжанның ресми түрде ақталғанын көре алмай кетті. Алайда ол үкімет қаулысын күтпей-ақ Мағжан, Ахмет, Жүсіпбектер туралы «Олар халқына қайтып оралды» деген мақала жазып, оны өзі жұмыс істейтін «Парасат» журналына жариялап жіберді.

ӨЛІМНІҢ БӘРІ БІРДЕЙ МЕ?

Мағжан мен Кеңшілік ақынның тағдыры мен өнердегі мінезінде ұқсастықтар мен үндестіктер жетіп артылады. Кеңшілік те — өлең өлкесіне Мағжан секілді салғаннан өз қолтаңбасын танытып келген ақын. Мағжанның өлеңдері қазақ халқының әйгілі қамқоршысы,



жазушы Ғалымжан Ибрагимовті қатты толғантады. Әйгілі жазушы 1911 жылы шыққан «Қазақ қызы» романының бірінші бетіне 16 жастағы Мағжанның «Айға» деген өлеңінің бір шумағын эпиграф етіп келтіреді:

Кең дала көресің ғой мынау жатқан, Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.

Асқар тау, балдан төтті сулары бар, Өне, сол анам еді мені тапқан.

Кеңшілік Мырзабеков те қазақ поэзиясына құбылыс болып келді. Жазушы Болат Бодаубаев 1971 жылы шыққан кітабына Кеңшіліктің 16 жасында жазған бір өлеңінің сегіз шумағын эпиграф етіп алған еді:

Өліара мезгіл... он алты жаста едік біз,

Өліара өтсе, өруге жүрген елікпіз.

Сансыз табандар сарсылған дүние, сені біз,

Тауыса алмаспыз, армансыз кезсек дедік біз.

Жалғыз да жарым жорытпай жайық жапанға,

Тұяғы барлар туған соң тыныш жатар ма?

Қырық құбылып Құралай ертең өткен соң,

Құлындай ойнап шығамыз біз де сапарға.

Бұл — екі ақынның тағдырындағы ұқсастық. Ал Мағжан мен Кеңшіліктің өнердегі мінездерінде де бірін-бірі толықтыратын үндестік мол. Соның бірі — өлеңдегі мінез. Мағжан — ауыздығымен алысқан асау ақын. Ол көктегі Төңірден басқа ешкімді мойындамайды, дүние-жалғанға асқақ қарайды:

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар? Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте — бұлт, жерде желмін гулеген, Жер еркесі — желдің жөнін кім сұрар?

Мағжан ақынның табиғатындағы осы мінезді Кеңшіліктен де көреміз. Дүние-сарайының кең екеніне көміл сенген оның бойында да жұрттың бәрі секілді болуға көңгісі келмейтін тарпандық бар:

Табаным талай шоқ басып, Қып-қызыл отқа күйді ерін.

Тарпаң ем, тағдыр ноктасын Салғызбай басқа сүйредім.

Кеңшіліктің жыр кестесіндегі ою-өрнектерге назар аударыңыз. Мағжанның интимдік лирикасындағы өлімді мойындағысы келмейтін төкаппар мінез Кеңшілік поэзиясына да тән. Егер де жыр шайыры Мағжан:

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді, Надан адам өлім жоғын білмейді.

Өзім — патша, өзім — қазы, өзім — би, Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?

— деп жырласа, Кеңшілік ақын: Өлімнің бәрі бірдей ме?

Жо-жо-жоқ, оған қарсымын. Мен өлсем, ертең гүлдейді

Тамырым мен менің талшығым — деп, төн өлгенмен, жан өлмейтінін айтып, бұл ойды толықтырып, одан әрі тереңдете түседі.

СҮЙЕ БЕРЕМІН

Екі ақынның махаббат тақырыбын жырлауында да, әйел затына жан-тәнімен ғашық болатын жастыққа төн албырт мінездерінде де ғажайып үндестік бар. Мағжан да, Кеңшілік те бұл нәзік сезімді енесін аңсаған құлындай соншалықты беріліп, бар жан-тәнімен шынайы жырлайды. Мағжан әйелмен сүйіскен сәтінің бір минутына дүниенің бүкіл малын айырбастағысы келмей, ғашығының балдай төтті құшағында тұншығып өлгісі келеді.

Әйел сүйем, бірақ емес сендерше, Мен сүйемін жан-денесін бергенше. Жан-денесін бірдей алам, улаймын, Қысып сүйем, құшағымда өлгенше.

Кеңшіліктегі махаббат тақырыбын жырлаудағы қысылып-қымтырылуды білмейтін, бірақ әдепсіздікке бой алдырмайтын еркіндік те — Мағжан поэзиясынан жұққан қасиет. Оның сүйегі құрап қалғанша, әйел затын сүюден танбайтынын жырлап, махаббатына маңдайын сүйеп өлгенді қош көретіні де сондықтан. Кеңшіліктің махаббат майданындағы күйгелектігі де Мағжаннан аумайды:

Сондықтан сүйем, сол үшін сүйем сонша көп,

Мұңнан да рахат, удан да уыз тамса деп.

Сүйе алмай, налып болғаным да бар сонша өлек,

Сүйіп те қалып, күйіп те қалдым қанша рет.

ОРТАҚ ҚАСІРЕТ

Екі түрлі заманда өмір сүрсе де, Мағжан мен Кеңшіліктің жүректерін жаншып, азап шеккізген ортақ қасірет болды. Ол — құлдық сана мен отаршылдықтың бұғауы. Мағжанның түбіне жеткен бір қауым бар. Ол — құлдық санадан арыла алмаған қара тобыр. Мағжан жұрттың бәрін бір шыбықпен айдап, бір ғана жолмен жүргізгісі келген мысықтылеулес қара тобырдың айтқанына көңгісі келмеді. Өйткені Мағжан — елінің азаттығын аңсап айға атылған арыстан. 1923 жылдан бастап шайырға қарсы шабуыл қатты үдеп, шарықтау шегіне жетті.

Пролетар сыншылары тарапынан оған қарсы жүргізілген күрес те қатал болды. Белгілі жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың ұлы ақынды ақтап алғысы келіп жасаған баяндамасы да аш қасқырдай алақтаған қара тобырдың екпінін баса алмады. Түйсіксіз надан қара тобыр қай кезде кімді тыңдап еді? Дәл Мағжандай болмаса да, Кеңшілік ақынға да құлдық санадан арыла алмаған қара тобырдың көрсеткен азабы мен шеккізген шері шаш етектен. Көзі тірісінде «Қыз», «Ерте келген күз», «Қара тақыр», «Қашардың өлімі», «Жапырақ» секілді толып жатқан төрт құбыласы түгел өлеңдерін жариялата алмаған Кеңшілік ақынның нәзік жанын нала кемірді. Ақынды рухани мүгедек қылудың бұдан артық қандай амалы бар еді?

«Бүгіндері азды-көпті творчестволық өмірбаянымызға көз тастасақ, әдебиетке тоқырау кезеңінде келген сол кездің сызы мен салқыны бойымыздан енді-енді біліне бастағандай. Сол кезеңде талай-талай өлең, балладаларымның кездейсоқ баспа редакторларының қолымен өңделіп-жөнделіп, қысқарып-ұстарып шыққанын айтпағанда, осыдан жиырма жыл бұрын жазған кішігірім бір кітаптық өлеңдерім жинақтан-жинаққа енбей, жолы болмай келеді», — деп шынайы поэзияның не екенін түсінбейтін қара тобырдың мәңгүрттігінен қапаланған Кеңшілік ақын амалы таусылып, өлерінің алдында ақ қағазға мұңын шақты.

БОЗ БИЕ

Қазақтың мойнындағы отаршылдықтың қамыты Мағжанның сорын қайнатып, жүрегін қан жылатты. Кеңес өкіметінің «жетістіктерін» жырлаудың орнына ақын тәуелсіздік таңының атпағанына қапаланды. «Мұңдылармен мұңдасып, адасса, ел деп адасқан» Мағжан ақынның жаны қазақтың қамын ойлап ышқына шыңғырды.

— Қанды жас жалау кімдікі? — Кімнің ұлы құл болса, Тұлымдысы түл болса, Қанды жас жалау сенікі, Ендеше, қазақ, сенікі!

Мағжан поэзиясынан сусындаған Кеңшілік ақында да отансүйгіштік рухтың айбыны басым. Отанын шексіз сүйетін ақын отаршылдықтың зардабынан Қазақстанның көделі ойы мен жусанды қырының ту-талақайы шығып, жыртылып тасталғанына қапаланып, боз бие болып боздады.

Нағашы ауылымның арасы бізден бір-ақ қыр,

Қозы-лағымыз қосылған шүйгін қырат — бұл.

Тың көтерген жыл төбенің түбіт көдесін

Тарап әкетті тарақ табанды трактор.

Тың игеру науқанының қазақ даласына алып келген қайғы-қасіретін жырлаған ақын «Боз бие» балладасын он сегіз жыл бойы жариялата алмады. Бұл туралы Кеңшілік ақынның өмірінің соңғы сәтінде жазылған естелігінде мынадай жолдар бар: «Мен бесіктен белім жаңа ғана шығып, әдебиетке әлі толық келіп үлгермеген кезімде «Тың жыртықан жыл немесе боз бие» деген дүние жаздым. Осы өлеңді он сегіз жыл жариялата алмай жүріп-жүріп, 1985 жылы ақын Иранбек Оразбаев «Жазушы» баспасында менің жинағыма редактор болған кезде, өрең шығардым. Ал қазір тыңның экологиясы туралы айтып жатырмыз. Мәселе көтеріп жатырмыз. Шыбын жанымыз шырқырауда. Ал мен, мақтанғаным емес, сол проблеманы жиырма жыл бұрын, бала ақын кезімде жазыппын. Бірақ дер кезінде бастыра алмадым» ■

Амангелді КЕҢШІЛІҚҰЛЫ



11 ТАМЫЗ (БЕЙСЕНБЕ) ҚАЗАҚСТАН – 3 LIVE+ 1 ТРАНСЛЯЦИЯ: KAZSPORT - 3 LIVE+ 5 ТРАНСЛЯЦИЯ

СПОРТ ТҮРІ	КЕЗЕҢ	ТЕЛЕАРНА	ЭФІР ТҮРІ	ЭФІР УАҚЫТЫ
БОКС	Ірістеу кезеңі	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	19:55
	Ірістеу кезеңі		ТРАНСЛЯЦИЯ	«Қазақстан» 12 тамыз 10:00
ДЮДО	квалификация	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	11 тамыз 23:20-00:20
	финал	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	00:25
СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКА	финал	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	00:55
НЫСАНА КӨЗДЕУ	финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	11 тамыз 05:50-06:50
ТЕННИС		KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	12 тамыз 10:20-12:15
РЕГБИ (ерлер)	жартылай финалдар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	12 тамыз 09:20-10:20
РЕГБИ (ерлер)	3 орын үшін матч және финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	12 тамыз 16:10-17:10
БАСКЕТБОЛ (ерлер)	Ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	03:50
ВОЛЕЙБОЛ (ерлер)	Ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	07:20
БАСКЕТБОЛ (ерлер)	Ірістеу кезеңі	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	07:20

12 ТАМЫЗ (ЖУМА) ҚАЗАҚСТАН – 3 LIVE+ 1 ТРАНСЛЯЦИЯ: KAZSPORT - 3 LIVE+ 6 ТРАНСЛЯЦИЯ

СПОРТ ТҮРІ	КЕЗЕҢ	ТЕЛЕАРНА	ЭФІР ТҮРІ	ЭФІР УАҚЫТЫ
БОКС	Ірістеу кезеңі, ½ және ¼ финалдар	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	19:55
	Ірістеу кезеңі, ½ финалдар		ТРАНСЛЯЦИЯ	«Қазақстан» 13 августа 10:00
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА	квалификация, раунд 1	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	22:40-23:50
	квалификация, раунд 2	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	05:10
ВОЛЕЙБОЛ (ақшалар)	Ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	05:20
СЕМСЕРЛЕСУ	финал	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	01:55
НЫСАНА КӨЗДЕУ	финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	13 августа, 09:25-09:25
ДЮДО	финал	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	06:25
АУМПАТЛЕТИКА	финал	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	04:55
БАСКЕТБОЛ (ерлер)	Ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	13 августа, 09:30-11:15
ВОЛЕЙБОЛ (ақшалар)	Ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	13 августа, 11:30-13:30
ВОЛЕЙБОЛ (ақшалар)	Ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	13 августа, 13:45-15:45
ТЕННИС (ерлер)	жартылай финал (және сын) финал (жұп)	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	13 августа, 16:20-18:15

МЕМЛЕКЕТ МҮЛКІ МЕНШІГІҢ ЕМЕС

Мемлекет мүлкін талан-таражға салуға ешкімнің де құқығы жоқ. Әсіресе шенеуніктер қазынаның ақшасына алынған көлікпен бала-шағасын, әйелін тасымалдап, жеке шаруаларымен жүруіне болмайды. Оларға бұл көліктер халыққа қызмет ету үшін берілген. Бірақ біздің елдің шенеуніктері мұны түсінбейді. Түсінсе де, қазына қаржысын жеке бас мүддесі үшін пайдаланудан бас тартқысы келмейді. Тіпті, әріптестері осындай әрекеттері үшін ұсталып, жаза тартып жатса да, тайсалмайды.

Шілде айының соңғы аптасында Мемлекеттік қызмет жөніндегі департаменттің мамандары қызметтік көлігін жеке шаруаларына пайдаланған 20 шенеунікті анықтаған болатын. Олардың бірі қызметтік көлігімен ауылға тойға барған, енді бірі баласын мектепке апарса, тағы бірі отбасылық шаруаларымен қала ішінде жүрген. Ал әлгілердің тақымына басқан көліктің барлық шығыны (жанармайы, саймандары) мемлекет қаржысы есебінен өтелген. Ал бұл облыс бюджетіне айтарлықтай салмақ салады. Себебі олардың бұған дейін қызметтік көліктерін қандай мақсатта қолданып келгенін кім білсін? Қазынаның қыруар қаржысы халықтың игілігіне емес, ұсақ шенеуніктің бала-шағасының қызығына жұмсалды деген сұмдық емес пе?

Мемлекеттік қызмет жөніндегі облыстық департамент басшысының орынбасары Берік Ахметовтің хабарлауынша, аталмыш шенеуніктердің барлығы тәртіптік жауапкершілікке тартылып, жазасын алған. Бірақ ауыр жаза емес, бар болғаны сөгіс естіп қана құтылған. Ал сөгіс алу қазір ешкімге де сабақ болмайды. Соның айғағы ретінде күні кеше тағы бір шенеунік қызметтік көлікпен жүрген жерінде тұтылды. Басқалар тәрізді майшабақ емес, Облыстық мәслихат аппаратының жетекшісі Қайрат Нүркенов. Ол түн жарымы ауғанда Қарағанды облысының Дін істері басқармасына тиесілі «Chevrolet Malibu» автокөлігімен «Magnum» дүкеніне барып, қайтар жолда қолға түскен. Бұл туралы Мемлекеттік қызмет жөніндегі департаменттің бас маманы Марат Рақымжанов ҚР Мемлекеттік қызмет жөніндегі министрлігінің Тәртіптік кеңесінде хабарлады. Кеңеске шақырылған Қайрат Нүркенов айыбын мойындады.

– Мен мемлекеттік қызметкер этикасын бұзып, көлікті басқа мақсатқа пайдаланғандымды мойындаймын, – дейді ол.

Тәртіптік кеңес мүшелері оны қызметтік этиканы бұзды деп танып, бір жолға ескерту жасау туралы шешімге келді және бұдан былай дүкен аралау үшін жеке көлігін пайдалануына кеңес берді.

Әрине, қызметтік көліктерін мақсатсыз пайдаланатын шенеуніктердің ұсталып, жазаға тартылып жатқаны – көңіл қуантарлық іс. Әйтсе де жай ғана ескерту немесе сөгіс беру оларды жөнге сала ма? Басқаларға сабақ бола ма? ■

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ ■ nurlyhan93@mail.ru



16 ТАМЫЗ (СЕЙСЕНБЕ) ҚАЗАҚСТАН – 2 LIVE+ 1 ТРАНСЛЯЦИЯ: KAZSPORT - 5 LIVE+ 5 ТРАНСЛЯЦИЯ

СПОРТ ТҮРІ	КЕЗЕҢ	ТЕЛЕАРНА	ЭФІР ТҮРІ	ЭФІР УАҚЫТЫ
БОКС	ирістеу кезеңі, жартылай финалдар, финалдар	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	19:55
БАЙЛАРКА МЕН КАНОЭДІ ЕСКЕК КСҮ	финалдар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	«Қазақстан» 17 тамыз 18:00
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА	квалификация	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	18:30
АШЫҚ СУДА ЖҮЗУ	финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	05:05
ВОЛЕЙБОЛ (ақшалар)	½ финал (1 матч)	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	17 тамыз 09:55 – 10:55
ВОЛЕЙБОЛ (ақшалар)	½ финал (2 матч)	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	11:15 – 13:05
ВОЛЕЙБОЛ (ақшалар)	½ финал (3 матч)	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	18:30
СИНХРОНДЫ ЖҮЗУ	финалдар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	17 тамыз 14:15 – 15:05
ЖАҒАЖАЙ ВОЛЕЙБОЛЫ (ерлер)	ерлер немесе жартылай финалдар	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	00:55
ВОЛЕЙБОЛ (ақшалар)	½ финал (1 матч)	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	02:50
ВОЛЕЙБОЛ (ақшалар)	½ финал (2 матч)	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	12 тамыз 12:40 – 15:30
ЖАҒАЖАЙ ВОЛЕЙБОЛЫ (ерлер)	ерлер немесе жартылай финалдар	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	07:55

17 ТАМЫЗ (СӨРСЕНБЕ) ҚАЗАҚСТАН – 2 LIVE+ 1 ТРАНСЛЯЦИЯ: KAZSPORT - 4 LIVE+4 ТРАНСЛЯЦИЯ

СПОРТ ТҮРІ	КЕЗЕҢ	ТЕЛЕАРНА	ЭФІР ТҮРІ	ЭФІР УАҚЫТЫ
БОКС	финалдар	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	22:55
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА	квалификация, раунд 1	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	18:20
БАЙЛАРКА МЕН КАНОЭДІ ЕСКЕК КСҮ	финалдар	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	05:10
ТАЕКВОНДО	Ірістеу кезеңі + жартылай финалдар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	17 тамыз 21:30 – 23:45
	Ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	18 тамыз 14:40-17:10
ФУТБОЛ (ерлер)	½ және ¼ финалдар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	17 тамыз 02:05
ФУТБОЛ (ерлер)	жартылай финалдар	КАЗАҚСТАН	ТРАНСЛЯЦИЯ	17 тамыз 14:40-17:10
БАСКЕТБОЛ (ерлер)	½ финал (2 матч)	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	21:50
ЖАҒАЖАЙ ВОЛЕЙБОЛЫ (ақшалар)	½ финал (2 матч)	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	00:50
ВАТЕРПОЛ (ерлер)	1 және 3 орындар үшін матчтар	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	06:50
ВАТЕРПОЛ (ерлер)	1 жартылай финалдар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	18 тамыз 10:40-12:10
ВАТЕРПОЛ (ерлер)	2 жартылай финалдар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	18 тамыз 12:45-14:15

18 ТАМЫЗ (БЕЙСЕНБЕ) ҚАЗАҚСТАН – 3 LIVE+ 1 ТРАНСЛЯЦИЯ: KAZSPORT - 3 LIVE+ 8 ТРАНСЛЯЦИЯ

СПОРТ ТҮРІ	КЕЗЕҢ	ТЕЛЕАРНА	ЭФІР ТҮРІ	ЭФІР УАҚЫТЫ
БОКС	Ірістеу кезеңі, финалдар	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	19:55
ОЙДЕР КҮРЕСІ	Ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	18:45
БАЙЛАРКА МЕН КАНОЭДІ ЕСКЕК КСҮ	финалдар	КАЗАҚСТАН	ТРАНСЛЯЦИЯ	00:55
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА	квалификация	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	18 тамыз 22:35 – 23:55
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА	квалификация	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	02:05 – 03:10
БАСКЕТБОЛ (ақшалар)	½ финалдар, финалдар	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	05:25
КАРТУ КЕССАЙС	1 жартылай финал	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	23:50
ТРАПАЦИОН (ерлер)	Ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	18 тамыз 09:05 – 09:15
КАРТУ КЕССАЙС	Ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	09:15 – 10:15
ВАТЕРПОЛ (ерлер)	финалдар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	18 тамыз 09:05 – 09:15
ВАТЕРПОЛ (ерлер)	1 жартылай финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	18 тамыз 10:15 – 11:45
ВАТЕРПОЛ (ерлер)	2 жартылай финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	18 тамыз 12:35 – 13:45
ВОЛЕЙБОЛ (ақшалар)	1 жартылай финал	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	21:50
ВОЛЕЙБОЛ (ақшалар)	2 жартылай финал	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФІР	07:05
ЖАҒАЖАЙ ВОЛЕЙБОЛЫ (ерлер)	финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	18 тамыз 14:10 – 15:40
ГАНДБОЛ (ақшалар)	1 жартылай финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	18 тамыз 17:00 – 18:35

13 ТАМЫЗ (СЕНЕБ) ҚАЗАҚСТАН – 3 LIVE + 1 ТРАНСЛЯЦИЯ; KAZSPORT – 4 LIVE + 4 ТРАНСЛЯЦИЯ				
СПОРТ ТҮРІ	КЕЛЕДІ	ТЕЛЕАРНА	ЭФИР ТҮРІ	ЭФИР УАҚЫТЫ
БОКС	ірістеу кезеңі, ½ және ¼ финалдар	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	19:55
	ірістеу кезеңі, ½ және ¼ финалдар		ТРАНСЛЯЦИЯ	«Қазақстан», 14 тамыз 18:20
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА	квалификация, 1 раунд	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	18:20
	жартылай финал, финал	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	05:00
БАТУТТА СЕКІРУ	ірістеу кезеңі + финал	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	23:00
ВОЛЕЙБОЛ (ерлер)	ірістеу кезеңі	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	01:00
СЕМСЕРГЕСУ	финал	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	01:55
ВОЛЕЙБОЛ (ерлер)	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	13 тамыз LIVE
ВОЛЕЙБОЛ (ерлер)	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	14 тамыз 09:20-11:20
ТЕННИС	Қызыл - 3 орын үшін матч	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	14 тамыз 12:00-14:00
ТЕННИС	М – 3 орын үшін матч	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	14 тамыз 14:25-16:25

14 ТАМЫЗ (ЖЕКСЕНБЕ) ҚАЗАҚСТАН – 3 LIVE + 1 ТРАНСЛЯЦИЯ; KAZSPORT – 4 LIVE + 6 ТРАНСЛЯЦИЯ				
СПОРТ ТҮРІ	КЕЛЕДІ	ТЕЛЕАРНА	ЭФИР ТҮРІ	ЭФИР УАҚЫТЫ
БОКС	ірістеу кезеңі, ½ және ¼ финалдар	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	19:55
	ірістеу кезеңі, ½ және ¼ финалдар	ТРАНСЛЯЦИЯ		«Қазақстан», 15 тамыз 18:00
ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	18:55
БАСКЕТБОЛ (ерлер)	финал	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	06:55
	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	23:05
ВОЛЕЙБОЛ (ерлер)	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	01:50
ВЕЛОТРЕК	схватка (15 минутар), көкей жарыс (индивидуал), спринт	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	15 тамыз, 12:55 – 13:55
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА	финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	14 тамыз, 03:50 – 05:20
	финал	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	06:45
ВОЛЕЙБОЛ (ерлер)	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	07:20
СИНХРОНЫМ ДҮЗУ	еркін бағдарлама	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	15 тамыз, 09:20 – 11:00
НЫСНА КӨЗДЕУ	финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	15 тамыз, 11:40 – 12:40
СЕМСЕРГЕСУ	финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	15 тамыз, 17:00 – 18:00
ТЕННИС	Ерлер - 1 орын үшін матч	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	15 тамыз, 14:10 – 16:40

15 ТАМЫЗ (Дүйсенбі) ҚАЗАҚСТАН – 3 LIVE + 1 ТРАНСЛЯЦИЯ; KAZSPORT – 3 LIVE + 7 ТРАНСЛЯЦИЯ				
СПОРТ ТҮРІ	КЕЛЕДІ	ТЕЛЕАРНА	ЭФИР ТҮРІ	ЭФИР УАҚЫТЫ
БОКС	ірістеу кезеңі, ½ және ¼ финалдар, финал	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	19:55
			ТРАНСЛЯЦИЯ	«Қазақстан», 16 тамыз 18:00
ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	18:55
ВЕЛОТРЕК	финалдар 1 индивидуалдық уақытқа қарасты жылдам айылым, 40 минутар	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	06:55
		KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	22:20-23:00
БАЙЛАРКА МЕН КАВОВДЖИ ЕСКЕК ЕСУ	ірістеу кезеңі + жартылай финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	06:55
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА	квалификация	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	16 тамыз 09:05 – 09:05
	квалификация	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	16 тамыз 03:50 – 05:05
СИНХРОНЫМ ДҮЗУ	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	06:05
	техникалық бағдарлама	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	16 тамыз 10:35 – 12:35
АУЫР АТЛЕТИКА (ерлер)		КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	04:00
БАСКЕТБОЛ (ерлер)	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	16 тамыз 12:55 – 14:40
БАСКЕТБОЛ (ерлер)	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	16 тамыз 16:30 – 17:45

КҮМБІРДІҢ ҮНІ

Апта басында қасиетті топырағына күй сіңіп, ән дарыған Арқаның алтын белі – Жаңаарқа жерінде еліміздің дарабоз күйшісі, сұңғыла сазгер Мұхамеджан Тілеухановтың 70 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ ■ nurlyhan93@mail.ru

Арқа мектебінің өндерін әуелете шырқап, төл өнеріміздің өсіп-өркендеуіне қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан Мұхамеджан Қанайұлы бабы бен бағы қатар шауып, еліміздің Мәдениет қайраткері, Құрманғазы консерваториясының профессоры, «Құрмет» орденінің иегері атанып, ерен еңбегі үшін «Ұлы түркі қыраны» медальдарымен марапатталды. Өзіндік қолтаңбасы, нақышы бар өнерпаздың өзіндік жаңалығы да болады. Мұхамеджан Қанайұлы қазақтың аспаптық өнерінде өшпес із қалдырған Төттімбет, Тоқа, Дайрабай күйлерін жете меңгере отырып, өзіндік қолтаңбасымен түр, мазмұн, көркемдік жағынан байытып, дамыта түсті.

«Құдіретті өнердің арнасы бай, Толқын қуып, толқындар талмас ұдай. Сары Тоқа, Ықылас туған жерден, Мұхамеджан ағамыз жалғасындай», – деп басталған конференция жұмысына еліміздің зиялы қауым өкілдері, белгілі өнер тарландары, көрнекті ғалымдар мен өнерсүйер қауым қатысты.

Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегеріне аудан әкімі Ғабдрахман Омаров жылы лебізін білдіріп, Қарағанды облысының әкімі Нұрмұхамбет Әбдібековтің құттықтауын жеткізді.

– Арқаның күй өнерін тәпсірлегенде, шертпе күйдің Төттімбет, Қыздарбек, Әбди, Мақаш, Сембек, Әбікен, Сайдалы Сары Тоқа сынды арқалы күйшілері тілімізге бірінші оралады. Шертпе күйдің үлгісі мен үрдісін, ұлы өнерді насихаттап, дәмді дәстүр, сарқынды салтын жалғастырып келе жатқан сізге Қарағанды облысының зиялы қауым өкілдері атынан ізгі тілегімді жеткіземін, – деді аймақ басшысы құттықтау сөзінде.



Сондай-ақ Қарағандыдан келген құрметті қонақ, Орталық Қазақстан Академиясының ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Бақтыбай Жүнісов күйшіге ізгі тілегін жеткізді.

Шертпе күйдің шебері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Жанғали Жүзбаев Мұхамеджан Қанайұлының ұлттық күй өнеріне қосқан үлесін жіпке тізсе, күйші, сазгер Ахат Байбосынов белгілі домбырашының Арқаның күйшілік дәстүрін дамытудағы орасан еңбегін атап өтті.

«Бойындағы бұла күш, табиғи талант

оны өнер жолына біржола салды» дейді онымен әріптес, қызметтес болған жандар. «Жігер» фестивалінің лауреаты, ҚР еңбек сіңірген әртісі Серік Оспанов пен Қазақстанның халық әртісі Ғалым Мұхамедин де дәулескер күйшінің өнегелі өмірінен сыр шертті.

Мұхамеджан Тілеуханов – әр жылдарда республика көлемінде ұйымдастырылған «Мәңгілік сарын», «Күй-керуен» сияқты домбырашы-күйшілер фестивалінің лауреаты ғана емес, «Арман-ай», «Тағдыр-ай», «Аңсағаным», «Нұр қосбасар» сияқты халық сүйіспеншілігіне бөленген туындылардың авторы ■

19 ТАМЫЗ (ЖУМА) ҚАЗАҚСТАН – 3 LIVE + KAZSPORT – 3 LIVE + 8 ТРАНСЛЯЦИЯ				
СПОРТ ТҮРІ	КЕЛЕДІ	ТЕЛЕАРНА	ЭФИР ТҮРІ	ЭФИР УАҚЫТЫ
БОКС	жартылай финалдар, финалдар	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	22:55
ЕРКІН КҮРЕС	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	18:55
КОРКЕМ ГИМНАСТИКА	квалификация, 1-2 жаттығулар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	19 тамыз 22:45 – 23:45
	квалификация, 3-4 жаттығулар	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	23:45
БАЙЛАРКА МЕН КАВОВДЖИ ЕСКЕК ЕСУ	ірістеу кезеңі + жартылай финалдар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	19 тамыз 05:10 – 06:10
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА	финалдар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	20 тамыз 11:45 – 13:20
КАИРГІ БЕССАЙЫС	финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	09:35 – 10:35
ТАЕКВОНДО	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	20 тамыз 17:05 – 18:05
	½ және ¼ финалдар			
ВОЛЕЙБОЛ (ерлер)	1 жартылай финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	19 тамыз 03:10 – 05:10
ВОЛЕЙБОЛ (ерлер)	2 жартылай финал	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	07:05
БАСКЕТБОЛ (ерлер)	1 жартылай финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	20 тамыз 09:20 – 11:10
БАСКЕТБОЛ (ерлер)	2 жартылай финал	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	03:00
ГАНДБОЛ (ерлер)	2 жартылай финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	20 тамыз 13:55 – 15:05

20 ТАМЫЗ (СЕНЕБ) ҚАЗАҚСТАН – 3 LIVE + 2 ТРАНСЛЯЦИЯ; KAZSPORT – 3 LIVE + 9 ТРАНСЛЯЦИЯ				
СПОРТ ТҮРІ	КЕЛЕДІ	ТЕЛЕАРНА	ЭФИР ТҮРІ	ЭФИР УАҚЫТЫ
БОКС	ФИНАЛДАР		ТРАНСЛЯЦИЯ	«Қазақстан», 21 тамыз 18:00
ЕРКІН КҮРЕС	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	18:55
	финалдар	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	06:55
КОРКЕМ ГИМНАСТИКА	финал	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	06:15
БАЙЛАРКА МЕН КАВОВДЖИ ЕСКЕК ЕСУ	финалдар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	20 тамыз 22:30 – 00:00
ТАЕКВОНДО	ірістеу кезеңі	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	21 тамыз 13:05 – 14:05 (1-я 30м)
ТРАПТОН (ерлер)	финалдар	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	21 тамыз 07:40 – 09:10 (2-я 30м)
ФУТБОЛ (ерлер)	3 орын үшін матч	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	21:00
ФУТБОЛ (ерлер)	финал	КАЗАҚСТАН	ТРАНСЛЯЦИЯ	21 тамыз 21:00
ВОЛЕЙБОЛ (ерлер)	3 орын үшін матч	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	07:05
БАСКЕТБОЛ (ерлер)	3 орын үшін матч	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	20 тамыз 04:40 – 06:25
БАСКЕТБОЛ (ерлер)	финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	21 тамыз 09:10 – 10:55
ВАТЕРПОЛ (ерлер)	3 орын үшін матч	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	11:10 – 12:40
ВАТЕРПОЛ (ерлер)	финал	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	LIVE
ГАНДБОЛ (ерлер)	3 орын үшін матч	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	21 тамыз 14:00 – 16:20
ГАНДБОЛ (ерлер)	финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	21 тамыз 16:50 – 18:20

21 ТАМЫЗ (ЖЕКСЕНБЕ) ҚАЗАҚСТАН – 3 LIVE + 1 ТРАНСЛЯЦИЯ; KAZSPORT – 3 LIVE + 4 ТРАНСЛЯЦИЯ				
СПОРТ ТҮРІ	КЕЛЕДІ	ТЕЛЕАРНА	ЭФИР ТҮРІ	ЭФИР УАҚЫТЫ
ЕРКІН КҮРЕС	ірістеу кезеңі	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	17:25
БОКС	финалдар	КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	18:20
КАИРГІ БЕССАЙЫС		KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	22 тамыз
МАРАФОН	финал	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	21 тамыз 08:05 – 09:25
ГАНДБОЛ (ерлер)	финал	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	22:05
ЖАҒЫЛУ САПАНАТЫ		KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	04:50
ЖАҒЫЛУ САПАНАТЫ		КАЗАҚСТАН	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	04:50
ВОЛЕЙБОЛ (ерлер)	финал	КАЗАҚСТАН	ТРАНСЛЯЦИЯ	21 тамыз 01:05-04:05
БАСКЕТБОЛ (ерлер)	3 орын үшін матч	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	21 тамыз 02:50 – 04:50
КОРКЕМ ГИМНАСТИКА	финалдар	KAZSPORT	ТІКЕЛІЙ ЭФИР	19:55
ГАНДБОЛ (ерлер)	3 орын үшін матч	KAZSPORT	ТРАНСЛЯЦИЯ	22 тамыз



СЕРІК АКСҮНҚАРУЛЫ

РУХ

Бір кезде орыстар «половцы», еуропалықтар «кумандар» деп атаған Қыпшақ даласы – бүгінгі біздің Қазақ елі адамзат мәдениетіне айтулы үлес қосып, айдарынан жел ескен жұрт; оның құрсағынан әлемдегі бірде-бір ұлт пен ұлыста жоқ сал-серілер Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Иманжүсіп, Балуан Шолақ, Әсет, Мәди, Әміре, Жүсіпбек, Ғарифоллалардың жарық дүниеге ән салып келуі табиғи процесс – Алла Тағаланың өзінің қалауы болатын-ды. Сайын далада үш мың жылдай сайран салған көшпелілер цивилизациясы көзден бір ұшып, соған мүлде кереғар қоғамдық-экономикалық формация – совет өкіметі көріне мінгенде, мына жарық дүниеге Қайрат Байбосыновтың келуі өмірдегі һәм өнердегі құбылыспен пара-пар деуге болады!

Жүсіпбек пен Ғарифолланың заманы Жәнібек пен Қайратқа қарағанда пайғамбарға бір табан жақындау болды. Олар ежелгі қазақтың көгөрай шалғын, майсасында өсіп, аспандағы аққуға ұн қосса, Жәнібек пен Қайраттың тұсы ұлттың кеудесіне шер мен шемен байланып, оның көкіректегі көркем ойының әрі кете бастаған заман, Алаш мұраты аяқасты болып, туасы поэтикалық ұлт – қазақтың пролетарлық-тобырлық кембағал кейіпке түсіп, аталы сөзге арсыз тоқтай қоймай, қазақтың кері кеткен кезеңі еді. Домбыраны тарих сахнасынан жұлып алғалы жатқан осындай бір алмағайып заманда Қайраттың дүниеге келуі Өміренің Париж сахнасында ән айтқанына пара-пар оқиға болды!

Ол он тоғызыншы ғасырға дейін небір өткелектен өтіп, одан 17 жылғы Қазан төңкерісі, 20 жылдардағы жаппай төркілеу, 32 жылғы аштық, 37-нің репрессиясы мен Ұлы Отан соғысы, тың игеру сынды алапаттардан аман қалған қазақтың ән мұрасын Жүсіпбектің көмейінен қотарып, көкірегіне құйып алып, бүгінгі бізге, ХХІ ғасырға, қаймағы бұзылмаған саф алтын күйінде табыстады. Тәубе соған! Арқаның ән дәстүрі енді ұрпақтан-ұрпаққа әуелеп, самғай береді әлі!

ХХ ғасырдың соңы, ХХІ ғасырдың басында Қайрат сомдаған қазақ әні, Қайрат шындаған қазақтың дәстүрлі ән мектебі қазір кемелденген кезеңінде тұр. Бір кезеңде Әміре ән салған Парижде Қайрат та ән шырқаған, әлемдегі бірде-бір әуенге ұқсамайтын қазақ әніне батыс жұрты сонда тағы да бас иген. Енді Қайраттың соңынан келе жатқан жас буын қазақ әнін сол Қайрат көтерген биіктен бір құлаш та аласартпауы керек. Өмірдегі бәсекенің ең озығы – өнердегі бәсеке. Өнер бәсекесінің алтын ұйытқысы төлтумалығында, ұлттық болмыс-бітімінде жатыр.

Батыстың ми ашытқан поп музыкасы қаншама тыраштанса да, күндердің күні қазақтың ұлттық музыкасымен қанжығаласа алмай қалады. Қайраты бар қазақтың осыны терең түсінетін кезі келді...

Біз Италия операларындағы небір классикалық арияларды қанша нақышына келтіріп шырқағанымызбен, бәрібір италиялық бола алмадық. Бірақ Огинскийдің «Поленезін» Мағауия Хамзиннің домбырасына салғанда, қазақтың ұлттық музыкалық аспабының тілі әлемдегі небір ғажайып күй сандықтардан да ойнақы, оралымды, шешен екенін төрткүл дүние өз көзімен көрді. Қазақ – ғаламға қайдағы бір шетел әндерін сақаулана салатын попугай-әншісімен емес, ұлттық уызына жарыған Қайрат Байбосыновымен таңсық болып тұр! Мәселе осында.

Ұлы Даланың жер бетіндегі ешбір халыққа ұқсамайтын болмыс-бітімін Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» дәуірнамасынан оқып, тамсанып, өзінің шыққан төркін жұртының қадір-қасиетін пайымдай бастаған ел өзінің әні – халық әні Қайраттың көмейінен төгілгенде ғажайып бір тұс көргендей күй кешіп еді. Қайраттың әні қазақты көз жазып қалған көркем дүниесімен қайта қауыштырды. Қайрат өнге салғанда, тарих шаңына көміліп, көмескі тарта бастаған Біржан сал мен Ақан серілер үсті-басын бір сілкіп, ортамызға қайтып келді! Төлтума мәдениетке ата жауындай қарайтын тобырлық-тоталитарлық қоғам үшін бұл оқиға ұлттық төңкеріске ұқсас еді. Төбеді – большевик-коммунистер, төменде – біз, бірақ қасымызда Біржан салдар мен Ақан серілер жүр еді. Ұлттық рухымыз Ібір-Сібір жұртындағы орыстанған ұлыстардағыдай босағадан сығалаған жоқ, Қайраттармен төрге шықты!

Қайрат – қазақтың ұлттық рухы! Бір өзі бір халықтың рухына айналу – екіншісі, егіздің сыңарының маңдайына жазыла бермейтін нәрсе. Халық – сыншы. Кемеліне келгенше, баласын небір сын тезінен өткізеді. Алаш бір кезде Абайын да сынаған. Мағжанына да, Қасымына да сынай қараған. Бүгінде сол Абай, Мағжан, Қасымдар ұлттық рухымыздың шырқау шыңына шығып алып, енді Алапына сын көзімен қарап тұр. ХVІІІ ғасырда Пушкин жеткен рухани биіктікке ХХІ ғасырдағы Ресей жетті ме?! Байронның жан дүниесін тебіrentкен көркем ойға ағылшын жұрты кенеліп болды ма?! Гетенің даналығына неміс жұрты терең бойлап бітті ме?! Жапон жазушысы Рюноске Акутагава: «Пенде атаулының бүкіл тіршілік-қарекеті Бодлердің өлеңінің бір жолына да татымайды», – деп неге айтқан? ■

ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ БАЛУАН ШОЛАҚТАН ЖЕҢІЛГЕН ЖЕРІ



Мұңайтпас дүниеден өтті. Қажымұқан шет жұрттарды аралап, күресіп жүрсе керек, суық хабар алысымен суыт елге оралады. Қаладағы жаңалықты даладағы елдің бұрын еститін әдеті емес пе? «Патшаның балуаны Қажымұқан Қызылжар-Көкшетаулап келе жатыр» деген дақпырт тарады. «Патша балуанын» тым болмаса түстендіріп жіберуді абырой-дәреже көрген бай адамдар жолын тосып әлек. Бірінен соң бірі іліп әкетіп жатты.

Бұл хабар Балуан Шолаққа да жетеді. Балуан «маған қалай да келеді, сәлем береді» деген оймен қам жасап, қатты күтеді. Өйткені күре жол Тастыөзек қонысында отыратын Балуан Шолақ ауылын іргелей өтеді. Демек, Қажымұқан былай да, былай да келуі керек.

Бірақ Қажымұқанды атығай байы Әлжан мен керей болысы Сатыбай бұрып өкетеді. Бұл іс Балуан Шолақтың қытығына тиеді. «Өке қазасы қиын-ау, қайғырып келе жатқан адам емес пе, кейін оралғанда соғар!» деп күтіп отырады. Бірақ үміті ақталмады. «Қажымұқан төте Ақмолаға аттанып барады» деген хабар алады.

Балуан Шолақ түн ішінде атқа қонады. Суыт жүріп отырып, таңға жақын Қажымұқан қонып жатқан Шаймерденнің үйіне түмсық тірейді. Дүрсілдеген қақпа даусынан ояңған үй есі Шаймерден:

– Алпыр-ай, батыр, жеті түн ішінде елдің зәресін ұшырып, бұл не суыт жүріс? – деп қалжындай қарсы алады.

Шырығып келген Шөкең басқа сөзге айнамай:

– Өлгі Қажымұқан деген көргенсіз осында ма? – деп сұрайды да, осында екенін білген соң: – Ендеше мені қазір тура соның жатқан жеріне бастап апар. Есіңе тұт, менің де кім екенімді тісіңнен шығармайсың, оның атын да ауызға алмайсың! – дейді еркін сөйлеп.

Қажымұқан қадірлі қонақтарға арналған түкпір бөлменің нақ төрінде, белден салынған күс төсекте дөңбектей дөңкиіп жалғыз жатқанды. Есік ашылады. Бөлме ішіне жарқырап жарық түседі. Шөкең босағадан аттай тоқтап:

– Уа, Шаймерден, немене, үйінде қонақ бар ма еді? Тап төрінде күмпиіп жатқан кім бұл? – дейді кім екенін жорта білмегенсіп. Үй иесі:

– Осында бір жолаушы мейман еді, – деп сылқ еткізіп қоя салды.

– Е, сонда бір үйді бір өзі алып, үлде мен бұлдеге оранып жататын соншалықты не қылған мейман ол?

Қажымұқанның жата беруіне енді болмай қалып еді. Жорта ұйқыдан жаңа оянып кеткенсіп, көзін сығырайта ашып қарады... Босағаға сүйеніп біреу тұр, адам емес, сурет. Баста – сусар бөрік, үсте – омырауы ашық жібек шапан, аяқта – өкшесі сынық сүйем, күміспен күптелген көк сауырлы, кісі құны дерліктей кебіс.

– Ей, Шаймерден, «малдың қарны жуан, басы үлкені – соғым, адамның қарны жуан, басы үлкені – боғым» деуші еді, сенің мына қонағыңның қарны кебежедей, басы қара бақырдай бірдеңе екен, сірә, нағыз боғымның өзі болар...

Қажымұқанда үн жоқ. Өзіне шүйіліп, сөзбен піспектеп тұрған жанның осал емесін іші сезіп-ақ жатыр, ал бірақ «дәл осы Баулан Шолақ болар-ау» деген ой оған қайдан келсін?! Кім де болса, ойсаң денесін көрсетіп-ақ жүрегін шайлықтырып тастамақты ойлап, көрпені төменірек ысырып, бұлшық еті білеу-білеу балуан білегін, есіктей кең кеудесін жалаңаштайды.

Оны көрген Шөкең қарқ-қарқ күледі:

– Ойбай-ау, мына жаманның түріне қараңдар! Әй... Осының өзі балуансымақ бірдеңе болмағай... Менімен күресемісің? – дейді.

Қажекең бұдан әріге шыдай алмайды. «Күресем, күресемін!» деген шамырқанған қимылмен көрпені серпе лақтырып тастап, сілкіне тұрады.

Шөкең сол босағаға сүйеніп тұрған күйі:

– Шаймерден, қане, бізге екі қыл шылбыр әкел, арбиған мәстекі неме екен, өнерін көрейін! – дейді. Екі шылбырдың бірін Шолақ Қажымұқанға: «Ал ұста!» – деп лақтырды, бірін шапан сыртынан беліне өзі байлай бастады...

Қажымұқанның көзі Шолақтың аяғындағы кебісіне түседі.

– Аға, аяғыңыздағы кебісіңіздің өкшесі тым биік екен, омырылып кетер, шешсеңіз қайтеді? – дейді.

– Кет, ит, сөйлемей! – деп Шөкең қатты қайырып тастайды. – Сенімен ұстасуға жарамаған кебісті мен кісем-ау.

Бір емес, екі емес, әбден басынып біткеніне ызасы қозып, шырыға жақындай берген Қажымұқанның беліндегі шылбырға Шөкенің қолы сарт етіп бұрын тиіп қалады. Сол сәтте Қажекең ышқына дауыстап жіберіп:

– Ойбай, аға, Сіз Балуан Шолақ емессіз бе?!

– Енді кім деп едің?!

Қажымұқан еденді омырып жібергендей дүрс еткізе, жалп етіп отыра кетеді. Жалма-жан екі қолын көкірегіне басып:

– Ойбай, аға, менен бір ағаттық болды, мен жығылдым!.. Мен жеңілдім!

Сол, сол-ақ екен, Балуан Шолақ оны жерден алып, жерге салады.

– Оңбаған ит!.. Сен ит болмасаң, мені басымнан аттап кетер ме ең! Әуелі маған келмес пе ең, сәлем бермес пе ең?! Содан кейін Мұңайтпас ағам орнына сені өзім алып бармас па ем! Көркейіп бармас па ең сен!.. Сасық байлардың итаяғын жалайсың!

Қажымұқан ләм-мим демейді. Не десін, кінә өзінен. Оны осы арада ғана түсінеді. Қолынан бар келгені – ағаның аяғына жығылып, кешірім сұрау ғана.

– Қанеки, тұр-дағы, тез киін! – деп әмір етеді оған Шөкең. – Қазір жүреміз!..

Өке қазасына асығып келе жатқан Қажымұқан ләм демей балуан ағасына ілесіп жүре береді ■

Естай Мырзахметовтің мақаласынан үзінді
«Жұлдыз» журналының
1989 жылғы 9-саны

Міне, қызық

БАС БАЙРАҚТЫҢ КҮТІМІ – 38,78 МИЛЛИОН

Қазақстанның Астана төрінде тұрған басты туын күтіп ұстау «A&K Company» ЖШС-на тапсырылды. Бұл қызметі үшін аталған компания тек 2016 жылға 38,78 миллион теңге алады. Есіл аудандық әкімдігінің Мемлекеттік сатып алулар порталында өткізген байқауының нәтижесі осындай.

Байқау хаттамасында мемлекеттік сатып алудың екі кезеңде жүргізілгені хабарланған. Бірінші кезең құжаттар бойынша жүргізіледі. Ал екінші кезеңде электронды сатып алу әдісі арқылы келісімшарт жасалады. Осылайша Астана төріндегі еліміздің басты байрағы «A&K Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тапсырылған.

Egov порталының мәліметтеріне сүйенсек, аталған ЖШС 2014



жылдың 20 наурызында заңды түрде тіркелген екен. Компания, негізінен, электротехникалық және монтаждау жұмыстарымен айналысады.

Есіл аудандық әкімдігінің өкілдері бұған дейін 38 миллион теңгенің көп емес екенін айтқан болатын. Өйткені Астананың ауа райы құбылмалы болғандықтан, қала орталығындағы үлкен ту жиі жыртылады екен ■

Қаржы

АҚШ НЕ ДЕЙДІ, АҚЫШЕВ НЕ ДЕЙДІ?



Теңге тағы құнсыздана ма? Алматы қаласында өткен баспасөз мәслихаты барысында Ұлттық Банк төрағасы Данияр Ақышев мәлімдеме жасап, теңгенің айырбас бағамында ешқандай өзгеріс болмайтынын хабарлады.

– Мен девальвация болуы мүмкін деген қауесеттерге қатысты түсініктеме бере кеткім келеді. Бұл жерде өткен жылдың тамыз айындағы жағдай мысалға келтіріліп жатыр. Теңгенің бағамы қазір қалыптасқан ішкі және сыртқы экономикалық факторларға


жауап береді деп санаймын. Сонымен қатар теңге бағамының Қазақстанмен тығыз сауда-экономикалық байланыс орнатқан әріптес елдердегі валюталармен және мұнай бағасымен арақатынасы теңгерімді жағдайда деуге болады. Ақша-несие саясаты және төлем балансы тұрғысынан алып қарағанда, теңге бағамында қандай да бір теңгерімсіздік жоқ. Яғни таяу арада теңгенің айырбас бағамында елеулі өзгерістер орын алатындығына негіз де, алғышарттар да жоқ, – деді Данияр Ақышев.

Егер оның сөзіне сенер болсақ, теңгенің жайы тұрақты. Бірақ бейресми сарапшылар мен халықтың ойы басқаша болып отыр. Данияр Ақышевқа дейінгі банкирлердің мәлімдемесі көбіне керісінше орындалып жатушы еді. Ол дәстүрді жаңа банкир жойды ма? Шынын айтып отыр ма? Әлде кезекті инфляцияның алдында халықты алдаусыратқысы келді ме? Мұны уақыт көрсетеді ■

Сауда-саттық

ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ҚЫЗЫҚ САУДА

Қызылорда облысындағы мұнай кеніштерінің бірі жеке азаматтың меншігіне өтіп кеткен. Кеңес дәуірінде бұрғыланып, мұнай бары анықталған кен орны тәуелсіздік жылдарында қараусыз қалады. Артынша Рустам Рыспеков есімді азаматтың меншігіне өтеді. Ал ол болса, бұл жерді Олх сауда-саттық порталы арқылы сатқысы келіп отыр.



Кеніші қара алтынға толы жер үшін жеке тұлға 8 миллион доллар немесе 2 млрд 918 млн 320 мың теңге сұрап отыр. Ал егер алушы нақты табылып жатса, саудаласып көруге де қарсы емес екен.

– Бұрын ешкім бұрғыламаған, мұнайын игермеген. Біз өзіміз демеуші іздеп көрдік, бірақ ешкім табыла қоймады. Сондықтан сату үшін жарнамалап отырмыз. Жер Құмкөл трассасындағы «Казма»

компаниясынан 25 шақырым қашықтықта орналасқан. Жердің кенішіне барлау жұмыстары Кеңес Одағының тұсында жүргізілген. Ол кездегі құжаттардың бәрі қолымызда бар. Жер жекеменшік иелігінде, – дейді Рустам Рыспеков.

Жарнама беруші, егер инвестор табылса, жерді сатпай, мұнай өндіру ісіне араласқысы келетінін де хабарлаған ■

Саясат

КӨКТЕ – ТӘҢІР, ЖЕРДЕ – ТҮРІК



Түркияға ресми сапары барысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев түрік елінің Президенті Реджеп Тайып Ердоғанмен кездесіп, бірқатар мәселені талқылады. Әңгіме барысында қос елдің басшысы қазақ-түрік лицейлерінің алдағы тағдырына тоқталып, олардың діндар Гүленге расымен де қатысы бар-жоғын тексеруге уағдаласты.

– Бұл – мемлекеттің бақылауындағы мектептер. Біз Түркияға қастандық жасағысы келетіндерді ешқашан қолдамаймыз. Бұл бізді қызықтырмайды. Біз бұл мектептердің бәрін тексеруге уағдаластық. Егер олардың Гүленмен байланысы бар екені дәлелденсе, ондағы мұғалімдердің бәрін алмастырамыз. Аталған мектептердің жұмыс істеуіне қатысты келісімді біз марқұм болған Президент Тұрғыт Өзалмен жасасқанбыз. Ондағы оқу ақылы және білім деңгейі өте жоғары. Қазір онда шамамен 9 мыңдай бала оқып жатыр. Ал олардың қатарында терроризмге қатысы барлары анықталса, біз Түркияның талабын орындаймыз, – деді Н.Назарбаев кездесу барысында.

Ал Ердоған Қазақстан басшысына 33 мектептен тұратын тізім бергенін айтты. Оның пікірінше, аталған оқу орындарының барлығы да АҚШ-ты паналаған діндар Фетхулла Гүленнің ықпалында. Ердоған Қазақстан тарапынан батыл шешімдер күтетінін де жасырмады.

Айта кетейік, Қазақстанда барлығы 27 қазақ-түрік лицейі бар. 16 шілдеде Түркияда орын алған төңкеріс әрекетінен кейін ресми Анкара Қырғызстан мен Қазақстандағы түрік лицейлерін жабуға кеңес берген болатын. Өйткені аталған оқу орындарының барлығы төңкеріс жасамақ болған діндар Фетхулла Гүленге бағынышты-мыс. Алайда Қазақстанның да, көрші Қырғызстанның да үкіметі Түркияның бұл талабының орынсыз екенін мәлімдеді ■

Үкімет

КОНОПЛЯ ҚАҒАЗЫ КҮЛДІРЕ МЕ, БҮЛДІРЕ МЕ?

Алдағы жылдарда Қазақстанда сора (конопля) өсіруге лицензия берілмек. Үкімет үйінде Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары Дариға Назарбаеваның қатысуымен өткен кеңесте өнеркәсіп және медициналық мақсатта пайдалану үшін сораны есірткі заттардан химиялық тазарту бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу мәселелері қаралды.



Сораны өсіру жол картасы жобасының аясында жүзеге асады. Қазақстанның бірнеше облысындағы ауылшаруашылық жерге сора тұқымы егіледі. Эксперименттік өнім онан әрі өңдеу үшін АҚШ, Германия, Қытай және Бельгияға жөнелтіледі.

Жасалған зерттеулердің нәтижелері бойынша, сорадан (банкноттан бастап кеңсе қағазына дейін) қағаздың барлық спектріне арналған целлюлозаны, сондай-ақ тоқыма және азық-түлік өнімдерін алуға болады.

Премьер-министр орынбасары техникалық сорадан қағаз өндіру кезіндегі шикізаттың өзіндік құнының төмендеуіне назар аударды.

– Қазақстанның өз қағазы жоқ. Бізде бәрі импортталады, бұл өнімнің жоғары өзіндік құнына әсер етеді. Қазақстандық қағаз өндірісін іске қосу, оның ішінде баспа, БАҚ үшін де аса өзекті, – деді Д.Назарбаева.

Кеңес соңында Д.Назарбаева сораның өнеркәсіптік өндірісін мемлекеттік қатаң бақылауда дамыту қажеттігін баса айтты. Сондай-ақ бұл жұмыстарды БҰҰ Конвенциясы бойынша, Есірткіні халықаралық бақылау комитетімен ынтымақтастықта жүргізу керектігін ескертті ■

ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВ:

“ ДОСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫМЫЗ ӘЛЕМ САЯСАТЫНА ЫҚПАЛ ЕТУДЕ ”

Осыдан ширек ғасыр бұрын тәуелсіздігімізді жариялағанымызда, алғаш мойындаған бауырлас Түркия мемлекеті болатын. Ер түріктің Мұстафа Кемал Ататүрік, Алыпарслан Түркеш, Тұрғыт Өзал, Сүлеймен Демирел сынды оғландары «Түркі ынтымағын» ту етіп, болашақ ұрпаққа аманаттап кетті. Бүгінде Түркия ғаламның ең ықпалды әрі дамыған елдерінің біріне айналды. «От қай жерге түспесің, мені де күйдіреді», – деп бір түрік ойшылы айтқандай, Түркиядағы жағдайға қарап алаңдайтынымыз рас. Соңғы кезде Түркияға қатысты алыпқашпа әңгімелер ақпарат айдынынан түспейді. Осы себептен Қазақстанның Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевты әңгімеге тартқан едік.

– Жансейіт Қансейітұлы, түбі бір халықтармыз ғой. Қазіргі уақытта Түркиямен саяси қарым-қатынасымыз туралы не айтар едіңіз?

– Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас күн өткен сайын күшейіп, тұрақты түрде дамып, екі мемлекеттің ынтымақтастығы стратегиялық деңгейге жетті. Түркия бауырлас мемлекет болғандықтан, достық пен бауырмалдықты берік ұстанады. Бұл ұстаным жоғары дәрежедегі саяси элитаның деңгейінде анық байқалады. Қазақстан да Түркияның әлеуетін, ішкі жағдайын жақсы білгендіктен, принципті түрде бауырластық ұстанымынан ауытқыған емес. Екі ел арасындағы саяси қарым-қатынастың күшеюіне барынша үлес қосып отырады. Сондықтан Түрік елі Қазақстанның Орта Азия көлемінде алдыңғы қатарлы мемлекет екенін мойындайды және өзінің осы аймақтағы ең маңызды серіктесі ретінде қарастырады.

Бүгінгі таңда Түркияның саяси элитасы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұстанған көреген саясатына, «көрші тыныш болмаса, өзің де тыныш болмайсың» деген ұстанымына қызығады. Елбасымызды түгел түркі жұртының темірқазығы деп санайды. Өйткені Елбасы екі бауырлас ел арасындағы қарым-қатынасқа зергерше мән береді. Түркі дүниесінің, түркі халықтарының тағдырына қалайша бейжай қалмайтын болса, екі елдің арақатынасына соншалықты алаңдайды.

Қазақстан мен Түркия арасындағы үдемелі өріптестік екіжақты сындарлы сұхбатпен қатар БҰҰ, ӘБҰ, ОБСЕ, ШЫҰ, СВМДА және Түркі Кеңесі секілді басқа да бірлестіктер аясында көпжақты форматтағы оң бағыттағы байланыстары өз жалғасын тауып отыр. Былтырғы жылы «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2012-2015 жылдар аралығына арналған іс-шаралар жоспарының орындалуы аяқталды. Жоспарға сәйкес, түрік кәсіпорындарының

елімізбен инвестициялық және экономикалық ынтымақтастығын нығайту мәселесі мен елімізде Қазақстан-Түркия бірлескен индустриалдық аймақтарын құру жұмыстары қолға алынды. Бұл – соңғы кезеңде атқарылған өнімді жұмыстардың бірі.

Былтыр Түркия Президенті Реджеп Тайып Ердоған Қазақстанға ресми сапармен келіп, қаржы-экономикалық жағдайды дамыту мақсатында екіжақты келіссөздер жүргізді. Сонымен қатар ол Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің екінші отырысы мен бизнес-форумға қатысты. Бизнес-форумға түрік бизнес қауымдастығының 150 өкілі қатысып, жалпы құны 776,3 млн АҚШ долларын құрайтын 20 инвестициялық құжатқа қол қойылды.

Саяси қарым-қатынастың дамуына байланысты екі елдің басшылары жиі-жиі кездесіп отыратыны мәлім. Былғы жылы 12-13 сәуір күндері Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ыстамбұлда өткен Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының саммитіне қатысып, екіжақты келіссөздер жүргізді. Аталмыш саммит «Бірлік пен ынтымақ әділеттілік пен бейбітшілік үшін» деген тақырыппен өтті. Оған ұйымға мүше 56 елдің өкілдері, соның ішінде 30-дан аса мемлекет пен үкімет басшылары қатысты. Қазақстан Президенті Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына мүше мемлекеттер үшін өзекті мәселелерді шешудің маңыздылығын атап өтіп, мазмұнды сөз сөйледі. Бірнеше өзекті мәселенің шешімін ұсынған Елбасыға Түркия Президенті ғана емес, саммитке қатысқан барлық делегат ризашылықтарын білдірді.

Халықаралық аренадағы ынтымақтастық пен өзара қолдау сыртқы саясаттың аса маңызды бағыттарын қамтитындығы аян. Осы тұрғыда Түркия Астананың «ЭКСПО – 2017» дүниежүзілік көрмесіне үміткерлігін қолдай

отырып, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі жоқ Африка және Латын Америка елдерінде де атсалысты. Осындай шешуші кезеңде шынайы достық пен бауырмалдығын көрсетті. Сол сияқты, Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдар аралығындағы тұрақты емес мүшелігіне үміткерлігіне де қолдау білдірді. Мұны саяси қарым-қатынастың жемісі деуге болады.

Ал енді Түркия мен Ресей арасындағы жанжалдың шешілуіне Қазақстанның қалай ықпал еткенін бөріміз білеміз.

– Иә, Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасқа тоқтала кетсек. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың екі елдің көшбасшыларын татуластырғанын білеміз. Осы саяси процестің қалай болғанын айтып бересіз бе? Сондай-ақ қазіргі Түркия-Ресей қатынасы қай деңгейде?

– Былтыр Түркияның Сириямен шекаралас аспанында ресейлік «СУ-24» әскери ұшағы атып түсірілгеннен кейін, Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың өбден шиеленіскені мәлім. Ресей Түркияға қарсы санкциялар енгізіп, сауда-экономикалық және туризм салалары бойынша шектеулер қойды. Әлемнің назарын аудартқан екі ел арасындағы келеңсіз жағдай Түркияның экономика саласына, әсіресе өндірістің төмендеуіне, ауылшаруашылық өнімдерінің экспорттық мөлшерінің күрт азаюына қатты әсер етті. Былтырғы жылмен салыстырғанда Түркияға, соның ішінде теңіз жағалауындағы демалыс орындарына келетін ресейлік туристердің саны 92 пайызға азайған. Сонымен, кикілжің асқына берді.

Ресей мен Түркия Қазақстанның сенімді стратегиялық серіктестері әрі белсенді өріптестері екені аян. Әрі дос, әрі туыс саналатын мемлекеттер арасында шиеленіскен геосаяси жағдай Қазақ еліне де сөзсіз әсер етеді. Сондықтан бұған бейжай қарауға болмайды. Осы мәселені мұқият бақылауына алған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бітімгершілік келісімнің алғышарттарын жасап, биылғы жылдың ақпан айында Қазақстанға ресми сапармен келген сол кездегі Түркия Премьер-министрі Ахмет Дәуітоғлымен кездесті. Осы кездесуден кейін шұғыл түрде Ресей Федерациясының Президенті В.Путинмен телефон арқылы сөйлесіп, Ресей-Түркия қарым-қатынасының нашарлауына қатысты пікір алмасты. Алайда В.Путин ахуалды Түркия жағы күрделендіргенін айтып, соған орай жағдайды түзуге Түркия алғашқы қадам жасауы тиістігін алға тартқаны есімізде.

Кейін, жоғарыда айтып кеткеніміздей, Елбасы Ислам Ынтымақтастығы

Ұйымының XIII саммитіне қатысып, Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынасты қалпына келтіру мақсатында Түркия Президенті Реджеп Тайып Ердоғанмен кездесті. Елбасының Ыстамбұлдағы жиынға қатысуы Ресей-Түркия қарым-қатынасына оңды ықпал еткені мәлім.

Осы кездесуден кейін Түркия Президенті Р.Т.Ердоған ресейлік әріптесі В.Путинге ресейлік ұшқыштың қаза табуына байланысты өкініш білдіріп, оның отбасынан кешірім сұрайтыны туралы жазылған хат жолдады. Мәскеу көп күттірмей, бірден жауап берді. Жеті ай бойы Ресей және Түркия басшыларымен байланысты жиілеткен Елбасымыз тоқтап қалған орыс-түрік қарым-қатынасының түзелуіне тікелей үлес қосып, күш салды.

Кейін Түркияның Премьер-министрі Бинали Йылдырым Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасқа байланысты мәлімдеме жасап, Түркия және бүкіл түрік жұрты атынан екі ел арасындағы шиеленісті жағдайды шешіп, өзара қатынасты қалпына келтірген Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа алғыс білдірді. Содан соң Түркия Президенті Р.Т.Ердоған Қазақ елінің көшбасшысымен телефон арқылы сөйлесіп, Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты реттеуге бағытталған баға жетпес үлесі мен зор еңбегі үшін алғыс айтты. Түркия басшысы Елбасына Ресей Президенті В.Путинмен телефон арқылы сөйлескенін хабарлап, Анкара мен Мәскеу арасын жақындату тұрғысынан көзделген қадамдар жүзеге асады деп үміттенетінін жеткізді. Әңгіме барысында Елбасыны жуық арада Түркияға сапармен келуге шақырды.

Бұл – Елбасы бастаған дипломатияның жеңісі еді! Рас, бүгінгі Қазақстан есімді мемлекетті Елбасының арқасында әлем мойындап келеді. Сондықтан әлем назарын өзіне қаратқан екі ел арасындағы жағдайды қайта қалпына келтірген Елбасымыздың еңбегі орасан.

Бүгінгі күні Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынас қайта қалпына келе бастады. Министрлер деңгейінде бірнеше кездесу болды. Алғашқы кездесу Түркия Сыртқы істер министрі М.Чавушоглу мен Ресей Сыртқы істер министрі С.Лавров арасында өтті. Ресей енгізген экономикалық санкциялар бірте-бірте тоқталады. Осы айдың 9-ы күні Түркия Президенті Р.Т.Ердоғанның Ресейге ресми сапармен баруы жоспарланып отыр. Әрине, бұл жағдай тек қана екі ел арасындағы қарым-қатынасқа емес, жалпы түркі әлемінің дамуына әсер етеді.

– Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастың үнемі өсіп келе жатқанын жұрт біледі. Бірақ барлық мүмкіндік жүзеге асырылды ма?

Өз сөзім

“

Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас күн өткен сайын күшейіп, тұрақты түрде дамып, екі мемлекеттің ынтымақтастығы стратегиялық деңгейге жетті ■

Былтыр Түркия Президенті Реджеп Тайып Ердоған Қазақстанға ресми сапармен келіп, қаржы-экономикалық дамыту мақсатында екіжақты келіссөздер жүргізді ■

“

Бүгінгі күні Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынас қайта қалпына келе бастады. Министрлер деңгейінде бірнеше кездесу болды. Алғашқы кездесу Түркия Сыртқы істер министрі М.Чавушоглу мен Ресей Сыртқы істер министрі С.Лавров арасында өтті ■

”

– Сан-салалы сауда-экономикалық байланыстар екіжақты ынтымақтастықтың маңызды аспектісі екені мәлім. Түркия – Қазақстанның аймақтағы сенімді сауда-экономикалық әріптесі. 2015 жылдың қорытындысы бойынша, екі ел арасындағы сауда айналымы 2,02 млрд АҚШ долларын құрады. Түркия алғашқы жылдары елімізде жеке кәсіпкерлік пен құрылыс саласының дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Қазіргі күні Қазақстанда 1500-ге жуық түрік фирмасы жұмыс істеуде. Сонымен қатар түрік мердігерлері Қазақстанда құны 20 млрд АҚШ долларынан асатын құрылыс жобасын жүзеге асырды. Осылайша Қазақстанның Түркия экономикасына қосқан күрделі қаржысы шамамен 20 млрд АҚШ долларына жетті. Осы жылдар ішінде Қазақстан экономикасына, жалпы алғанда, шамамен 2 млрд доллар көлемінде түрік инвестициясы, Қазақстаннан Түркияға шамамен 1 млрд доллар көлемінде инвестиция жұмсалды. ҚР Қаржы министрлігінің мәліметі бойынша, 2015 жыл ішінде екі ел арасындағы тауар айналымы 2,02 млрд АҚШ доллары, оның ішінде 1,28 млрд АҚШ доллары – экспорттық үлес, 0,74 млрд АҚШ доллары импортты құрайды. Қазақстанның сыртқы сауда айналымындағы Түркияның салыстырмалы салмағы 3,3%, экспортындағы 3,1% және импортындағы 3,8% шамасында. 2016 жылдың қаңтар-мамыр кезеңінде тауар айналымы 538 млн АҚШ доллары, оның ішінде 271 млн АҚШ доллары – экспорт, 267 млн АҚШ доллары импортты құрайды.

Дегенмен өзара инвестициялар екі елдің экономикалық әлеуетіне сай келмейді және әлі де барлық мүмкіндік толық жүзеге асырылған жоқ. Сондықтан экономикалық ынтымақтастықтың барлық мүмкіндігін дамыту және іске асыру мақсатында біраз жоба қолға алынды.

Сауда-экономикалық саладағы өзара іс-қимылды жандандырудың маңызды қадамы – 2012 жылы құрылған Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің жұмысын және «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасы шеңберіндегі әрекеттесуді белсенді түрде жалғастыру. Бұл қадам Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара іс-қимылдың экономикалық құраушысын одан әрі кеңейтуге жаңа серпін беруге бағытталған.

Түрік өнеркәсібінің және, тұтасымен алғанда, экономикасын дамыту локомотиві болып қызмет ететін Ұйымдастырылған индустриялық аймақтарды құруда Түркия орасан зор оң тәжірибе жинақтаған. Осы орайда 2011 жылы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы үкіметтері арасында Қазақстанда бірлескен қазақ-түрік индустриялық аймақтарын құру туралы меморандумға қол қойылғанын атап өткім келеді. Қазақстандағы қолайлы инвестициялық ахуалды Түркияда таныту іс-шаралары кеңінен жүргізілуде, сондай-ақ ірі түрік бизнесін елімізге тарту жұмыстары да өз жалғасын табуда.

2013-2016 жылдар аралығында Түркияның Сакария, Қожаелі, Измир, Измит, Ескишехир, Невшехир, Трабзон, Ризе, Ыстамбұл, Мұғла, Ниде, Самсун, Хатай, Кония, Гиресун, Малатия, Маниса, Денизли провинцияларында инвестиция тарту мақсатында аймақтық бизнес-форумдар ұйымдастырылды. Соның ішінде былтырғы жылы қыркүйек айында Анкара қаласында Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің ұйымдастыруымен Еуразиялық экономикалық қарым-қатынастар қауымдастығы және Түркияның Мемлекеттік өндірісі мен кәсіпкерлерінің қауымдастығымен бірлесе отырып, «Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері» тақырыбы бойынша бизнес-форум өтті. Форумға Түркия Премьер-министрінің орынбасары Түргүл Түркештің өзі бастап, 100-ден астам Түркияның алдыңғы қатарлы өндірістік саласының және бизнес қоғамдастығының өкілдері қатысты. Аталмыш жиында түрік кәсіпкерлеріне Қазақстанның инвестициялық ахуалы туралы егжей-тегжей мәлімет берілді. Мұндай жиындар Түркияның түкпір-түкпірінде жиі ұйымдастырылып отырады.

Жалпы есеппен алғанда, 2005 жылдан 2015 жылдың ортасына дейін Түркиядан Қазақстанға құйылған тікелей инвестиция көлемі 1,8 млрд АҚШ долларын құрады. Аталған уақыт аралығында Қазақстаннан

Түркияға құйылған тікелей инвестиция 976,1 млн АҚШ доллары болып бағалануда.

– **Түркияның қауіпсіздік және әскери салада тәжірибесі мол. Ал Қазақстан – жас мемлекет, яғни түріктерден үйренеріміз көп. Екі ел арасындағы қауіпсіздік және әскери байланысымыз қалай?**

– Қазақстан мен Түркияның өзара қауіпсіздік саласындағы іс-қимыл шаралары белсенді түрде жалғасуда. 2015 жылдың сәуір айында мемлекет басшыларының деңгейінде өткен келіссөздер барысында қол жеткізілген уағдаластықтар шеңберінде 2015 жылдың 7-8 қыркүйек күндері аралығында Түркияға Қазақстанның Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы Н.Ермекбаевтың ресми сапары болып өтті. Сапар жоғарғы деңгейде ұйымдастырылып, Н.Ермекбаев Түркия Президентімен, Ішкі істер министрімен, Бас прокурорымен, Ұлттық барлау ұйымының басшысымен және Ұлттық қауіпсіздік ұйымының Бас хатшысымен кездесті. Сапардың шеңберінде өткізілген келіссөздерде екі елдің қауіпсіздігіне әсер ете алатын ғаламдық және өңірлік топтарға қарсы күресте бірлесіп әрекеттесу мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар соңғы жылдары екіжақты



қарым-қатынастарда әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық тереңдеп келеді. Қазақстан мен Түркия арасында әскери салада байланыс орнатуының негізгі бағыттары – әскери-техникалық ынтымақтастықты дамыту, Қазақстанның әскерилерін Түркияның әскери оқу орындарында оқыту, қазақстандық әскери бөлімдерді жабдықтау және Қазақстанның Қарулы Күштерін реформалау үдерісіне жәрдемдесу. Түркиядан заманауи атқыш қаруларды, минаатқыштарды, көлік құралдарын сатып алудан басқа, Қазақстан аумағында әскери өнеркәсіп кешені өндірісін құру бағытында да ынтымақтастық дамып отыр.

– **Халықтарды, елдерді жақындататын – сөзсіз, руханият. Осы салада басқа елшіліктерге қарағанда қыруар жұмыс атқарып отырсыздар. Екі ел арасындағы мәдени байланыстарымыз бұдан былай да нығая беретін шығар...**

– Екі ел арасындағы мәдени байланыстарымыз да қарқынды дамып келеді. Тәуелсіздік жылдарында Түркияның ірі-ірі қалаларында Қазақстанға арналған мекемелер мен ескерткіштер, орталықтар мен көшелер ашылды. Өткен ғасырдың аяғында, 2000 жылдың басында, Абай Құнанбаев пен Мағжан Жұмабаевтың, қазақтың күйші қызы мен Қабанбай батырдың ескерткіштері ашылған болса, соңғы жылдары Абылай ханның ескерткіші бой көтеріп, Абылай хан атындағы саябақ ашылды, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа арналған монумент орнатылды. Сондай-ақ Түркияның Невшехир қаласында Қазақстан атындағы, Анкара қаласында Абай Құнанбаев атындағы, Қыршехир, Гебзе, Адана сынды қалаларында Нұрсұлтан Назарбаев атындағы даңғылдар, Дина

Нүрпейісова атындағы және Төттімбет атындағы саябақтар ашылды. Бұл – екі ел арасындағы руханият саласындағы тығыз байланыстың, шынайы бауырластықтың белгісі, сондай-ақ бауырлас түрік жұртының ықыласы. Былтырғы жылы ақын Сүйінбайдың 200 жылдығына орай Анкара қаласында Сүйінбай Аронұлы атындағы саябақ ашылған-ды.

Әрине, Түркиядағы Қазақстанның елшілігінің басты мақсаты – қазақ рухани байлығын түрік жұртына таныстырып, бүкіл түркі дүниесіне паш ету. Осы бағытта биылғы жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай бірқатар шара атқарылды.

Ағымдағы жылдың 19-20 маусым күндері аралығында Анкара қаласында Қазақстан Республикасының Түркиядағы елшілігінің ұйытқы болуымен қазақтың ақтаңгер ақыны Сүйінбай Аронұлының бюсі ашылып, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 170 жасқа толуына орай халықаралық конференция мен салтанатты концерт өтті. Қазақ руханияты мен Тәуелсіздікті Анадолу жерінде паш етіп, қарқынмен жалғасқан осы игі шара қазақтың ақтаңгер ақыны Сүйінбай Аронұлы бюсінің ашылуымен басталды. Алматы облысы әкімі Амандық

Баталовтың Түрік еліне сыйға тартқан Сүйінбай Аронұлы бюсінің авторы – белгілі мүсінші Нұрғалым Исабаев. Тарихи шара жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 170 жылдығына орай жалғасты. Анкара қаласындағы Юнус Өміре атындағы мәдениет орталығында Қазақстанның дамуы мен ЭКСПО – 2017 көрмесіне орайластырылған фотокөрме ашылып, Жамбыл Жабаевтың шығармашылығына арналған халықаралық конференция өтті. Түрік зиялы қауым өкілдері мен қазақ делегациясы қатысқан жиында ТҰРКСОЙ Бас хатшысы Д.Қасейінов, Алматы облысы әкімінің орынбасары Б.Өнербаев, Кечиөрен муниципалитетінің мәрі Мұстафа Ак және Еуразия Жазушылар одағының төрағасы Якуб Омароғлы құттықтау сөз сөйледі. Қоғам қайраткері Ш.Беркімбаева, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Ж.Шаштайұлы, Мұғла университетінің доценті, ғылым докторы Өкрам Аян, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Т.Албеков және Гази университетінің доценті, ғылым докторы Жәмиля Кынаджы Жамбыл шығармашылығы мен өміріне егжей-тегжейлі тоқталып, Жамбылмен үндес түрік ақындарын салыстырып баяндама жасады. Бір миллионға жуық халқы бар Кечиөрен муниципалитетінің «Калаба Кент» атындағы алаңында қазақтың мәдениеті мен өнерін, салты мен дәстүрін түрік жұртшылығына көрсету мақсатында «Қазақстан үйі» атты үй-көрмесі салтанатты түрде ашылып, жыр алыбы Жамбылға арналған концерт өтті. «Адырна» фольклорлық-музыкалық ансамблі, «Алтынай» мемлекеттік би ансамблі мен Алматы облысы филармониясының әншілері Анкараның

төрінде қазақ өнін әуелетіп, Сүйінбай мен Жамбылдың рухын асқақтатты.

БиылғыжылыҚазақстанныңТүркиядағы елшілігінің қолдауымен көрнекті қаламгер Бексұлтан Нұржекеұлының «Бір өкініш, бір үміт» атты романы, Қазақстанның белгілі ұйғыр жазушысы Ахметжан Аширидің «Идикут» атты романы, қазақ әдебиетінің классик жазушысы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» атты романы, әлемге әйгілі ақын Олжас Сүлейменовтің он түркі тіліндегі жыр жинағы, аудармашы-жазушы Мәлік Отарбаев аударып құрастырған «Сырлас буын» атты өңгімелер жинағы және түрік әдебиеттанушы-ғалымы Жәмиля Кынаджының қазақ романдарын зерттеу монографиясы жарық көрді. Бұл кітаптардың тұсаукесер рәсімі Анкарада өтті. Түрік зиялы қауым өкілдері қазақ руханиятына қызығушылықпен қарайды. Сондықтан саяси-экономикалық қарым-қатынастың дамуына қалайша мән беріп отырсақ, сол сияқты, руханият саласындағы байланыстың күшеюі – дипломатиямыздағы басты бағыттардың бірі.

Түркияда қазақ салт-дәстүрін, мәдениеті мен әдебиетін таныстырып, насихаттау жұмыстарын мұқият жүргізіп келеміз. Саяси ахуалға байланысты Түркиядағы ақпараттық басылымдар Қазақстанның жағдайын бақылап отырады. Сол сияқты, руханиятты насихаттау мақсатында шығармашылық орталықтар мен бірлестіктердің мерзімді басылымдармен тығыз байланыс орнатып, мәдениетіміздің, өнеріміздің інжу-маржандарын шығаруға атсалысамыз.

Еуразия Жазушылар одағының ай сайын шығатын «Қардеш калемлер» журналында қазақ әдебиетінің бетке ұстар өкілдерінің шығармалары жарық көреді. Бұдан бұрын аталмыш басылым Қасым Аманжолов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, Сүйінбай Аронұлы сынды тұлғаларымыздың шығармашылығына бір-бір санын арнаған болатын. Жыр алыбы Жамбылдың тойының қазақ сөз өнерінің тойы екені сөзсіз. Сол тойдың жалғасы ретінде Түркиядағы әдеби ортаға мәлім аталмыш журнал жуырда бір санын толығымен Жамбылдың шығармашылығына арнады. Журналға Жамбылдың өлеңдері мен өмірбаяны, ТҰРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Д.Қасейіновтің «Мәдениетіміздің бөйтерегі», Анкара қаласы Кечиөрен муниципалитетінің мәрі М.Ақтың «Көңілге ортақ», Еуразия Жазушылар одағының төрағасы Якуб Омароғлының «Ұлттық рухтың өкілі», М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры У.Қалижанның «Феномен», академик С.Қирабаевтың «Жамбыл шығармашылығына жаңаша көзқарас», қоғам қайраткері Ш.Беркімбаеваның «Жамбыл – менің жай атым, халық – менің шын атым», Мұғла университетінің оқытушысы, ғылым докторы Өкрам Аянның «170 жасқа толған Жамбыл Жабаев», «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Ж.Шаштайұлының «Жамбыл және заман», жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының «Ұлылардың үндестігі», Гази университетінің оқытушысы, ғылым докторы Жәмиля Кынаджының «Қос құрлықтың сарындары: қазақ ақыны Жамбыл мен Анадолу ақыны Пір Сұлтан Абдал», М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Г.Орданың «Ұлы Дала жыршысы», Жамбылтану және халық ақындары институтының директоры Б.Ыбырайымның «Жамбылдың өзілдері», Памуккале университетінің оқытушысы, ғылым докторы Нергис Бирайдың «Жамбыл Жабаев, туындылары және Өтеген Батыр дастаны» атты Жамбыл шығармашылығын кеңінен насихаттайтын ғылыми-зерттеу мақалалары мен эсселері енген.

Сол сияқты, «Көрөлгі» атты әдеби журнал биылғы санын қазақтың көрнекті ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арнап, ақынды кеңінен насихаттады. Сонымен қатар Еуразия кітапханашылар одағының тоқсан сайын шығарып отыратын «Билги» журналы әр санында қазақ қаламгерлерінің өңгімелерін жариялайды. «Хедже» атты поэзияға арналған журнал да қазақтың қара өлеңін насихаттап, түрік оқырмандарына ақындарымызды таныстырып отырады.

– **Қызықты өңгімеңізге рахмет! ■ Жаңабек ШАФАТАЙ**

2013-2016 жылдар аралығында Түркияның Сакария, Қожаелі, Измир, Измит, Ескишехир, Невшехир, Трабзон, Ризе, Ыстамбұл, Мұғла, Ниде, Самсун, Хатай, Кония, Гиресун, Малатия, Маниса, Денизли провинцияларында инвестиция тарту мақсатында аймақтық бизнес-форумдар ұйымдастырылды ■

Екі ел арасындағы мәдени байланыстарымыз да қарқынды дамып келеді. Тәуелсіздік жылдарында Түркияның ірі-ірі қалаларында Қазақстанға арналған мекемелер мен ескерткіштер, орталықтар мен көшелер ашылды ■

Түркияда қазақ салт-дәстүрін, мәдениеті мен әдебиетін таныстырып, насихаттау жұмыстарын мұқият жүргізіп келеміз. Саяси ахуалға байланысты Түркиядағы ақпараттық басылымдар Қазақстанның жағдайын бақылап отырады ■

« К ө р ө г л ы » атты әдеби журнал биылғы санын қазақтың көрнекті ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арнап, ақынды кеңінен насихаттады ■

АҚЫЛДЫ АВТОБУС

Жапония инженерлері тек электр қуатымен жүретін және адамның басқаруын қажет етпейтін шағын автобус ойлап тапты. Ол 12 жолаушыны баратын жеріне жеткізе алады.

Көлік қариялар мен мүмкіндігі шектеулі жандарды мінгізіп-түсіруге арналған арнайы құрылғымен жабдықталған. Сағатына 40 шақырым

жылдамдықпен жүретін автобус артқа қарай GPS навигация көмегімен қозғалады.

Жаңа автобустар жолаушыларға осы айдан бастап қызмет көрсете бастайды. Өнертапқыш инженерлер бұл автобустармен 2020 жылы Токио Олимпиадасына келген қонақтарды тасымалдамақ ниетте ■



ӘМІР МАХМЕТТІҢ РЕКОРДЫ

Серіппе жаттығуынан балалар арасында әлемнің төрт дүркін рекордшысы, 10 жастағы Әмір Махмет Қазақстан Олимпиада құрамасын қолдау мақсатында 1000 рет серіппе жаттығуын жасап, өз рекордын жаңартты.

Әмір кезекті рекордын Бурабайдағы «Бөлектәу» шыңында жасады. Бұл жетістікті Куандық Құдайбергенов Қазақстан рекордтар кітабына тіркеді.

Айта кетейік, Әмір алғашқы рекордын (450 рет) 2015 жылдың

1 маусымында Балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылған Street Workout жазғы маусымының ашылуында, екінші рекордын (30 секундта 50 рет) Street Workout-тан Ақмола облысы біріншілігінде, үшінші рекордын (550 рет) 2015 жылдың қыркүйегінде Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу аясында, ал төртінші рекордын (60 минут «планка» ұстау) Геннадий Головкин мен Доминик Уэйд арасындағы жекпе-жек қарсаңында жасады ■



ҚЫТАЙ ҚОРҒАНЫ ҚҰРЫП БАРАДЫ

Ұлы Қытай қорғаны бір кірпішінен кейін бір кірпіші алынып, ақыры құрып бітеді. Осыған байланысты қазір Қытайда көне замандардағы бекіністерді қылмыстық дәрежеде талан-таражға салып, ұрлап кетуден қорғау жөнінде жаңа бір науқан басталып кеткенге ұқсайды.

Солардың ең алдыңғы легінде тұрған Ұлы Қытай қорғаны империяны сыртқы жаудан, көшпенділер шабуылынан қорғау үшін біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда салынған. Алайда қанша жерден тыйым салынғанымен, бұл қорғанға

жергілікті тұрғындар тарапынан жасалатын шабуыл тоқтар емес. Жұрт оның кірпіштерін үй салу үшін кертіп алады екен. Ал шетелдерден келген туристер оны кәдесый ретінде алуға құмартып тұрады. Осылайша қаншама ғасырдан бері жауын мен желдің, күн мен ыстықтың салдарынан біртіндеп мүжіліп келе жатқан атақты қорған адамдар тарапынан да қиянат көруде.

Ресми статистика бойынша, қорғанның 30 пайызы Мин әулеті кезінде жоқ болып кетіпті. Қазір оның 10 пайыздан аз бөлігі ғана жақсы сақталыпты ■



АРҚАНЫҢ ТАҢДАУЛЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АКАДЕМИЯСЫ



Мекенжайы:
Қарағанды қаласы,
Пичугин көшесі, 259-үй
Байланыс телефоны:
8(7212)47-50-69

**Арқа
Ақшамы**

аймақтық қоғамдық-саяси газет
Айына 4 рет шығады
Меншік иесі:
«Кент» Баспа үйі» ЖШС
Директор:
Умуджан БЕКИМОВА
Директор орынбасары:
Айткүл ОМАРОВА

Бас редактор:
Жанат ЖАНҚАШҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Ерболат ЕРБОЛҰЛЫ
Тілшілер қосынының жетекшісі:
Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ
Компьютер орталығының жетекшісі:
Алена МЕДВЕДЕВА

Кезекші редактор: Назира БАЙНАЗАР

Редакция мекенжайы:
Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы,
44/2; 312-кеңсе

Байланыс телефоны:
8 (701) 177-66-01, 8 (775) 784-92-34

Электронды пошта:
akshamy@mail.ru

Таралымы:
4000 дана

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, тіркеу туралы №13477-Г куәлігі 29.03.2013 жылы берілген.

Газет «Арқа ақшамының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газетте жарияланған автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «Қарағанды Полиграфиясы» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков к., 33-үй